

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№5 (31) 2015





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

5 (31) 2015

(қыркүйек-қазан)

5

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРАЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз инновациялық – гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі - академик.

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін – өзі тану» кафедрасының пед.ғ.д., профессоры;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахеев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филология пәндерін оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
академик НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - директор института Искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им.Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационного гуманитарного университета

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик.

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры религиоведения культурологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - д.п.н. профессор., зав кафедрой «Методика преподавание филологических дисциплин» института филологии.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the director of Art, Culture and Sport Institute of the Abai KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the Altynsarin National Knowledge Academy;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - doctor of pedagogical sciences, professor chair of «Primary education and fine art Taraz innovation and – humanitarian university

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor, honored doer of the republic of Kazakhstyan, the member of the Nostradamus International Academy, academician.

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. - Head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of the Abay KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair «Religious and Cultural Studies» of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - doctor of philological sciences, professor. Chair of methods of teaching philological disciplines. Head of the clair

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2015



Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!

*Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев
Қазақстан халқына үндеуі
11.11.2014*

ӘОЖ 34.034

С.Ж.Пралиев

*Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚРҰҒА академигі*

М.А.Нуриев

*ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор Интеллектуалды ұлт
қалыптастыру ҒЗИ директоры*

Ж.А.Сейсенбаева

*филология ғылымдарының кандидаты,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры орынбасары*

НҰРЛЫ ЖОЛ – ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАСИЕТТІ ЖОЛЫ

Мақалада Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, әлем таныған елге айналуындағы Елбасының сындарлы саясатының тереңдігі сараланады. Елбасының халық үшін атқарған қызметін сындарлы жолын «Нұрлы Жол» атау беру тұрғысынан нақты дәлелдермен ой түйінделеді.

Тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бүгінгі күн жетістіктеріне ғылыми тұрғыда ой түйетін ғылыми мақала білім алушыларға ой тереңділігімен құнды.

Түйін сөздер: тәуелсіз ел, нұрлы жол, саясат, ғылым, білім, ішкі саясат, сыртқы саясат, құндылық.

Одной из важнейших составляющих казахстанской модели государственного управления является роль лидера. Несомненно, что на возрождение казахстанской государственности, общественно-политическую и социально-экономическую жизнь страны в целом оказывает влияние Первый Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев. В связи с этим особую актуальность приобретает проблема теоретического осмысления исторической роли Президента как основателя независимого государства. За короткий, по историческим меркам, отрезок времени Казахстан превратился в самостоятельное, политически и экономически независимое государство, что подтверждается успешным преодолением последствий недавнего финансово-экономического кризиса.

Ключевые слова: независимая страна, нурлы жол, политика, наука, образование, внутренняя политика, внешняя политика, ценности.

One of the most important components of the Kazakhstan model of public administration is the role of the leader. It is undoubted that the First President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev in general has impact on revival of the Kazakhstan statehood, political and social and economic life of the country. In this regard special relevance is gained by a problem of theoretical judgment of a historical role of the President as founder of the independent state.

For short, to historical measures, an interval of time Kazakhstan turned in independent, politically and economically independent state that is confirmed by successful overcoming of consequences of recent financial and economic crisis.

Keywords: independent country, nurly zhol, policy, science, education, domestic policy, foreign policy, values.

Тәуелсіз елдің басты құндылығы - елдегі бейбітшілік пен бірлік, экономиканың тұрақтылығы, этносаралық татулық пен толеранттылық. Отбасындағы береке, адамдардың қауіпсіздігі, еңбекпен қамтамасыз етілуі, яғни бейбіт өмірдің іргетасының беріктігі сайып келгенде тыныштыққа тәуелді екенін ешқашан ұмытуға болмайды. Елбасы «Ұлы дала» атты атау берген Қазақстан бүгінде тыныштық пен бірліктің құшағында да-

мып келе жатқан тәуелсіз ел. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін 15 одақтас мемлекеттің құрамынан бөлініп шығып, тәй-тәй басқан баланың кейпіне енген елдің аяғынан тік тұрып, бүгінде әлем таныған мемлекетке айналуы ең алдымен Елбасы Назарбаевтың ерен еңбегі мен даналылығының арқасы.

Көк туымыздың желбіреп, еліміздің ішкі саясаты мен сыртқы саясатының дұрыс бағытта дамып, мемлекет абыройының мем-

лекет ішіндегі және халықаралық аренадағы биік орны да сол саясатты сөз жүзінде емес, нақты іс жүзінде қажымас қуатпен іске асырып Қазақстанды әлем мойындап әлемге танылуымыздың, бастамашысы да, бағыттаушысы да - Елбасы. Ел тізгінін түзу ұстап отырған Елбасына - мемлекетіміздің сөз бастайтын шешені мен қол бастайтын көсеміне - тікелей байланысты. Демек, қасиетті көк байрақтың астына топтасып, түтініміздің түзу шығып жатуының сыры да Еліміз бен Елбасының бір ұғымдай болып кетуінде жатыр. Көппен көрген ұлы той демекші, ұлт лидері халқымыздың маңдайына жазылған ащысы мен тұщысын бірге татып, ыстығына бірге күйіп, суығына да бірге тоңып, қайғысы мен қуанышын да бірге бөлісіп келеді. Ендеше, еліміздің ертеңі үшін аяғынан тік тұрып халық үшін қызмет етіп келе жатқан Елбасының нұрлы жолын шамамыз келгенше саралап көрсек.

Елбасының халық үшін атқарған қызметін сындарлы жолын «Нұрлы Жол» атау дұрыс деген ой келді. Қазақ халқының өткен тарихтан бүгінгі күнге дейінгі тар жол тайғақ кешу кезеңімен, бодандықта аңсаған тәуелсіздікке жетудегі жолы кейінгі тарих беттерінен осындай атпен орнын алу керек. Тарихтағы белгілі тұлға хандардың халыққа жасаған нақты қадамдары тарихта қалғаны белгілі. «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» атты сөз тіркестері халық аузында жиі қолдануы, хандардың саясатының ел ертеңін нығайтқан адал еңбектерінің айғағы.

Тарих тұғырында қалған аталмыш атаулар біреудің айтқанымен емес, жасаған еңбектің жемісі. Халық айтса қалпы айтпайды деген сөз бар. Ендеше, халықтың ойынан шығып, келешектің түп қазығына айналғанда ғана халық ұғымындағы атау қалыптасып, мәңгілікке қалады. Сондықтан да, халық ұғымындағы тарихи хандардың халық үшін жасаған ерен еңбектері үшін «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» тарихи тіркестермен бірге, бүгінгі ел егемендігін қалыптастырып, ел тыныштығын сақтап отырған Елбасының стратегиялық саяси жо-

лын «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» деп атау туралы ойымыздың негізін сараласақ.

Қазақстанның азаттық туын көтерген сәттен-ақ жауапкершілігі бұрынғыдан әлденеше ауыр жана дәуір басталды. Қоғам жол айрығында тұрды. Жас мемлекеттің шаңырағын шайқалтпау үшін күндіз-түні тынбаған ізденіс Елбасының нақты дұрыс қойылған саясаты Қазақ елінің дүние жүзіне танытты. Осы саясат, осы еңбек **Нұрсұлтанның нұрлы жолы** болып қазақ тарихына енуі керек.

Бүгін бүкіл жер жүзіне танымал болған Қазақстанның қысқа да болса ғасырға татырлық егемен тарихы мен сол тарихты халқымен бірге сомдап келе жатқан Елбасының сындарлы саясатының нәтижелеріне шолу жасап көрсек.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылғы 25 қазандағы Қаулысымен «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы мәлімдеме» қабылданды. Бұл құжат Қазақстанның тәуелсіздікке қарай қадам басқан алғашқы басқышы болатын. Елімізге егемендік әкелген кезең бір жағынан, ата-бабаларымыздың мың жылдар бойы «егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас» деп сарыла күткен тәуелсіздік болып, қуаныштарын қойындарына сыйғыза алмаған, бөріктерін аспанға атып жатқанымен, екінші жағынан, егемендіктің жалынан жаңа ғана ұстаған жас мемлекет үшін әлгі мезгілдің нағыз сын сағаты болғаны түсінікті. Ел тағдырын арқалаған Елбасының батыл қадамдарына тірек болып, төңірегіне ел-жұртын жұдырықтай жұмылдыра білгендігін бүгінгі тарих мойындауда.

1991 ж. 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республика Президентін бүкілхалықтық сайлау өтті. Халықтың демократиялық жолмен өз еркін білдіруі арқасында бүгінде Қазақ елін әлемге танытып отырған Н.Ә.Назарбаев Президент болып сайланды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылдады. 18 баптан тұратын осы Заңда мемлекет-

тің де, халқымыздың да тілегі мен мақсат-мүддесіне сай келетін елдің егемендігі мен тәуелсіздігі; шекарасының бүтіндігі; басқа елдермен қарым-қатынасты халықаралық қатынастар нормасына сәйкес жүргізетіндігі толық қамтылған. Сонымен бірге, ел азаматтарының ұлтына, дініне, тегіне, әлеуметтік жағдайына қарамастан бірдей құқықты иеленетіндігі, өкілетті, атқарушы және заң шығарушы басқа да мемлекеттік органдары; тәуелсіз экономиканың негіздері мен мемлекеттің тәуелсіздігін қорғау түгелімен ескертілген. Бұл күн біздің еліміздің тарихына – Тәуелсіздік күні болып енді.

Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттің көк байрағында бейнеленген алтын күн астында самғап ұшып келе жатқан аспан сермендесіндей Мемлекеттік туы мен Елтаңбасы бекітіліп, ел мақтанышына айналды. 2006 жылы 7 қаңтарда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Жарлығына толықтырулар мен өзгертулер енгізілген Конституциялық Заңына Елбасы қол қойды. Сол бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимннің жаңа мәтіні мен музыкалық өңдеуі бекітілді. Мемлекеттік әнін қазақ әнінің королі, әндері қазақтың әрбір баласы сүйіп тыңдайтын Шәмші Қалдаяқовтікі, Ал, сөзін Ж.Нәжімеденовтің бұрынғы жазған сөзіне қазақтың бүгінгі еркіндік сипатын көркемдеп, әрбір сөзіне ерекше мән берген Елбасы өзінің жүрегінен шыққан мәнді де мағыналы гимндік үндестікпен үндестіре білді.

1993 жылы 15 қарашада елімізде ұлттық валюта – теңге айналысқа енгізілді. Ұлттық валюта бүгінде әлемдегі валюталардың ішінде дизайндық көркемдігімен ерекшеленіп, жоғары орында тұрғандығын ерекшелеп айтқымыз келеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы – Ата Заңы 1995 жылы 30 тамызда республикалық бүкілхалықтық дауыс беру арқылы қабылданып, онда қазақ халқының өзіндік дүниетанымдық заңдық құжаттары енгізіліп, ел тыныштығын қамтамасыз ететін

заңдық құжаттармен қамтамасыз етілді. Ата заңымыздың мемлекетіміздің гүлденіп дамуына, халқымыздың бақытты өмір сүруіне ықпалы мен көмегінің орасан зор.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғанына 16 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде Президент Н.Назарбаев былай деді: «Қазақстан – ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететін бірінші ТМД елі, ол – бірінші түркі елі, ол – тарихи тұрғыдан өркениетті ислам кеңістігіне жататын бірінші ел, соңында, ол – бірінші азиялық ел. Сондықтан бұл біздің ортақ жеңісіміз». Қазақ еліне бұл жеңіс әлемге танытқан ортақ мерейлі іс болып табылады.

1994 жылдың 6 шілдесінде ҚР Жоғары Кеңесі сессиясында Ел Президенті ең алғаш рет еліміздің астанасын басқа қалаға ауыстыру туралы нақты идеясын ұсынды.

Отанымыздың жүрегі - Астана халқымыздың сан ғасырлар армандап жеткен киелі егемендігінің символына айналып шыға келді. Өзіміз ғана емес, өзгелер де сүйінетін ғасырлар тоғысының ұлы жобасы деген айбынды айдарды иеленіп, әлемдік мәні бар халықаралық саяси, рухани және экономикалық форумдардың астанасына айналды. Ал, соңғы кездерде күллі түркі әлемінің мәдени астанасы деген атақты да бағындырды. Елбасы жаңа Астана жасауда жасқанбайтын, тайсалмайтын жүректілігін танытты. Мұндай шешімді қабылдауда, көрегендігіне көңіл сенетін, өз күш-қуатын айқын анықтай білетін ел басқарушы **Қазақстанның ішкі саясатына жаңа леп бергендей** сезілді.

Елбасы жаңа астананың атын да өзі қойды. Жаңа астананың атауының қандай болатыны туралы ізденістер жүріп жатты. «Ақмола» орыс тілінде әдемі естілсе де, қазақша «ақ мола, зират» деген ұғымды білдіріп тұрды. «Бір күні түнде, дәлірек айтқанда түнгі екіде жаңа астананың аты Астана болады деген ой келді маған. Астана ол Астана! Қай тілде де, ұғымды, ұран тәрізді»-деді кейін өз шешімі туралы Елбасы.

Астананың қатты ауа райына байланысты қаланың айналасының бірнеше шақырым жерлеріне ағаштар егіліп, оны жасыл алқап-

қа айналдыру ісі қолға алынды. Бүгінде **Астана – жаңашылдықтың, әдеміліктің, қазақ елінің жаңа белесінің символы ретінде** Елбасының ерлігінің биік шыңы.

Тәуелсіздігіміздің бойтұмары – Астана-ның күні ел өміріндегі тарихи оқиғалар тізбегінен орын алатыны анық. Бұл - сан қилы кезеңдерді басынан өткерген халық үшін ерлік пен өрліктің биік шыңы. **Елбасының Нұрлы жолының тарих беттерінен ойып орын алатын жемісті жетістігі.**

Тумысынан дарынды, талантты, бес сайысқа икемді, қолынан келмейтіні жоқ өнерлі тұлғаларды халқымыз «сегіз қырлы, бір сырлы» деп бекер айтпаған. Ұлан-байтақ Қазақстан сынды алып елдің жаңа Астанасының ғана емес, оның мемлекеттігінің де іргетасын халқымен бірге қалаған, Еліміздің 2030 – жылға дейінгі экономикалық, әлеуметтік, мәдени, қорғаныс салаларының стратегиялық бағыт-бағдарларын жоспарлап, шекарасын шегендеп, ішкі және сыртқы саясатын зергерлік дәлдікпен анықтап-айшықтап қана қоймай, оларды заң жүзінде бекітіп, нақты іске асырып жатқан, соның арқасында бүкіл әлемге елін де, жерін де танытып, дипломатиялық байланыстар орнатқан және планета бетіндегі Ресей, АҚШ, Британия, Франция, Германия, Канада, Қытай, Жапония, Австралия, Индия, Индонезия, Бразилия сынды ұлы мемлекеттермен қатар күллі мұсылман әлемінің көшбасшылары есептесетін Қазақстан Президентіне «сексен қырлы, бір сырлы» деген теңеу де көптік қылмаса керек.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшу жолына түсті. Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда мемлекеттік меншікті оның иелігінен алып жекешелендіруге кірісті.

Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Олар: Мүлік жөніндегі, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, Салық инспекциясы, Кеден және т.б. Сондай-ақ нарықты экономикаға тән инфрақұрылымның кейбір түрлері биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке

меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компаниялар өмірге келді.

Білім мен ғылымның даму сипаты да Елбасы назарынан тыс қалмаған саяси дамудың бір шыңы. Себебі, білім мен ғылымы дамымаған ел ертеңі де өсіп-өнбейді. Білім мен ғылымы дамымаған елдің тәрбиесі дұрысталып, көсегесі көгермейді. Осы бағытта білім алу жолында жаңа бағдарламалар дамып, жаңа мектеп пен балабақшалар салынып, халыққа жағдай жасалды. Мемлекетіміз тәуелсіздігін енді алып, экономикада еркін нарықтық қатынастар жолына, демократия және әлемдік қоғамдстыққа толық ену жолына шықты, бұл өмірге көптеген реформаларды әкелуді талап етті. Кез келген реформаны өткізу өздеріне берілген міндеттерді орындауға қабілетті білікті кадрлардың болуын талап етеді. Назарбаев интеллектуалды мектептері мен университеті бүгіндегі еліміздегі дарынды балалардың ертеңгі ел болашағы тізгінін қолға алатын қоғам қайраткерлерін дайындауда.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1993 жылы 5 қарашадағы №1394 қаулысымен құрылды. Бағдарламаның құрылуына уақыт талабы ықпал етті. Кеңестік кеңістігіндегі мемлекеттер тарихында тұңғыш рет дарынды жастарға толықтай мемлекет есебінен шетелде білім алу мүмкіндігі берілді. 1994 жылдан бастап 2014 жылды қоса алғандағы кезеңде «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде әлемнің белді оқу орындарынан Қазақстанның даму стратегиясына қажетті мамандықпен мыңдаған стипендиат білім алды. Сол білім алған мамандар бүгінде ел тізгінін ұстап, халық үшін қызмет жасайтын ел азаматтары.

2008 жылдан бастап ғылыми және педагогикалық қызметкерлерге ғылыми тағылымдамадан өтуге мүмкіндік берілген, сондай-ақ ауыл жастары, мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми және педагогикалық қызметкерлер үшін академиялық бағдарламаларда оқу үшін квоталар енгізілген.

2011 жылдан бастап мамандарды даярлау стипендиат, «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ және жұмыс беруші арасында үш жақты шарт жасаумен кадрларды іріктеу және даярлаудың бағдарламалы-мақсаттық әдісі шеңберінде жүзеге асырылуда.

2012 жылдан бастап меншіктің кез келген нысанындағы ұйымдардың ғылыми, педагог, медицина және инженерлік-техникалық қызметкерлерге кәсіптік тағылымдамадан 1 айдан 12 айға дейін өту мүмкіндігі берілді.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы түлектерінің табысты мансаптық өсуінің, кәсіптік өзін-өзі іске асыруының өзіндік кепілі болды. Бұған бағдарламаның көптеген түлектерінің мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты орындарда болуы, мемлекеттік және халықаралық жобаларда жұмыс істеуі, осылайша мемлекеттің дамуына өз үлестерін қосуы дәлел бола алады.

Ел денсаулығы – мемлекеттің дені сау ертеңі кепілі. Осы тұрғыда елімізде халық денсаулығын жақсартататын, соңғы технологиямен жабдықталған ауруханалармен, зерттеу институттары құрылды. Халыққа квота арқылы шетелеге бармай өз елімізде қымбат операциялар жасап, денсаулықтарын жақсартуға мүмкіндіктер жасалуда. Осы мәселелер Елбасы назарында. Елімізде Елбасы қолдауымен бірқатар жобалар медициналық қызмет сапасын арттыру және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін әлеуметтік қызметкерлерді дайындау, медицина қызметкерлерінің беделін арттыру сияқты мәселелерге арналған жұмыстар жасалынды.

Елбасының сындарлы саясаты ұлы дала елі ертеңінің жарқын, болашағының бақытты болуына бастар нақты қадамдармен нығая түсуде. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайын жолдайтын жолдауы әрбір адамның өміріне әсер етуімен де бағалы.

Жолдау – қоғам дамуының басты қожаты. Бүгінгі жетістіктеріміз Жолдау

міндеттерінің тиянақтылығынан, оның жүзеге асырылуындағы рухани және қаржылық нақты негізділігінен көрініс береді. Сондықтан, жаңа Жолдау қағидаттарын жүзеге асыруға бөлінген қаржыға халықтық бақылау болуы тиіс деген пікірді қолдаймын. Яғни, Ұлттық қордан бөлінетін қаржының тиімді кәдеге жаратылуын барша халық жіті бақылап отыруы қажет. Өйткені, ашықтық пен сенім бар жерде серпіліс болады.

Қазақстан-2030 Стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы қазанда қабылданған бағдарлама Елбасының Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған. Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату. Осы мақсатқа орай мынандай ұзақ мерзімді негізгі бағыттар бөліп көрсетілген.

Қазақстан халқына арналған «Нұрлы Жол» Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясының стратегиялық нақты бағдарламасын жасап көрсетті. Елбасының атап өтуінше, жаңа саясат еліміздің құрылымдық реформаларын одан әрі жүзеге асыруға бағытталатын болады. Жаңа экономикалық саясат халықтың, әсіресе, әлеуметтік тұрмысын жақсартуға бағытталғанын көреміз. Бұған дейін де дағдарыстан шығудың кілтін ұсынған Елбасының арқасында халқымыз қысылып-қымтырылып көрген емес. Әлеуметтік жағдайы болсын, экономикалық көрсеткіші болсын, артпаса төмендеген жоқ. Жаңадан ашылып жатқан жұмыс орындары, шағын және орта бизнестің дамуы қарапайым халықтың күнкөріс өлшемін өсіре түсті.

Елбасының қойып отырған сындарлы саясатында алға қойылған міндеттер ынтымағымызды ұйыта түсетін, ілгерілеуімізге серпін беретін, рухани **жаңғыруға жағдай жасайтын нұрлы жол** деп білу керек.

Қазақстанның тәуелсіздігін алған алғашқы күннен-ақ мемлекеттің сыртқы саясатын негіздеу басты міндеттің біріне айналды.

Отанымыздың басқа елдермен, соның ішінде тікелей көршілерімен теңдік пен түсіністік жағдайындағы аталған бағыттағы қызметінің бастауында Елбасы Н.Ә.Назарбаев тұрды. Оның «уақыт талабына сай жүргізген сындарлы қызметінің нәтижесінде қысқа мерзім ішінде тәуелсіз мемлекетіміз әлемдік қауымдастыққа берік еніп, өзін бейбітсүйгіш, демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде таныта білді. Республика жер шарындағы қазіргі күнгі барша беделді халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды. Соның ішінде, атап айтқанда Қазақстанның БҰҰ-ғы өзіндік орны қалыптасты. Ел Президенті аталған халықаралық ұйым мінбесінен бірнеше рет сөз сөйлеп, әлемдегі, жекелеген аймақтардағы бейбітшілікті қамтамасыз етуге арналған бағалы бастамалар көтерді» Солардың ішінде мемлекетіміздің басшысы тарапынан **ядролық қаруды әлемдік тұрғыда сынауды тоқтату, оны толығымен жою бағытындағы бастамашылық қызметі Отанымыздың шеңберінен асып, дүниежүзілік маңызға ие болып отырғандығы белгілі.**

Қазақстан егемендігіне қол жеткізген Қазақстан бүгін нарықты экономикасы дамыған, әлеуметтік сфералары тұрақты, халықаралық процестердің абыройлы ойыншысына айналған зайырлы мемлекетке айналды.

Халық мүддесін ардақ тұтатын Елбасы қоғамның даму үрдісіндегі көкейкесті, әлеуметтік маңызды мәселелерді халық игілігіне қарай пайладануды назарында ұстайды.

«Н.Ә.Назарбаевтың халықаралық қатынастағы жемісті қызметі өзінің бабалары, қазақ қоғамының тарихи өткенінің әр кезеңдегі жетекшілері Керей мен Жәнібек, Тәуекел, Тәуке хандардың, әсіресе қазақ халқының басына сын түскен еліміздің еркіндігі мен тәуелсіздігіне қауіп төнген кездегі Абылай ханның жүргізген саясатының қазіргі күнгі жалғасындай болып отыр»[1] Нақтылап айтқанда, Қазақ хандығы қалыптасқан ХҮ ғасырдың екінші жартысынан бастап-ақ мемлекеттің шекарасын айқындау аса

маңызға ие болып осы бағыттағы көршілерімен әр бағыттағы қатынастары орнады. Қазақ хандарының шешуші қадамдарының нәтижесінде халқымыздың көне заманнан негізделген территориясы қалпына келтіріле бастады. Алайда сол мерзімдердегі сыртқы қатынаста қазақ мемлекетінің территориясын айқындау көршілерімен арадағы бейбіт жолмен іске асырылмады.

Н.Ә.Назарбаевтың жазуынша: «Халықтың ерік-жігерінің тастүйін бірлігі Абылай ханның бір басында бейнеленді. Батырларымен тізе қосып, қаһармандықтың тамаша үлгілерін көрсеткен, сөйтіп халықтың ұйтқысы болған Абылай ханның ерліктері сонау катал заманда қазақ рухын қайта түлетудің бір алтын діңгегіне айналды». Осыдан екі жарым ғасырға жуық мерзімнен кейін егемендігін алған Қазақстанның уақыт сабақтастығы талабына орай жүргізген сыртқы саясатының нәтижесінде еліміздің Ресеймен, Қытаймен, Еуразия аймағына үлкен назарын аударып келген әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен тиімді байланыстары орнатылды.

Қысқа мерзімде Қазақстан Республикасының көрші мемлекеттермен, соның ішінде Қытай, Ресеймен арадағы шекаралары толығымен танылды. Аталған тұрғыдағы Н.Ә.Назарбаевтың атап көрсеткеніндей: «1994 жылы премьер Ли Пэннің Қазақстанға келген сапарында, екі елдің арасындағы шекараны заңдастырып, үлгеріп, тиісті келісімге қол қойдық. 1995 жылдың қыркүйегіндегі бұл елге барып қайтқан үш күндік сапар үстіндегі соңғы жолығысу өте ерекше болды. Қазақстан мен ҚХР арасындағы Қазақстан-Қытай шекарасы туралы келісімді ратификациялау жөніндегі грамоталар алмасу протоколына қол қойылды. Осы тұрғыда саяси келісімдер тау тасты, шөлейт жерлерді яғни адам баласы өмір сүріп, тұруға жарамсыз жерлерді шекара бөлісу мәселесінде де тыс қалдырмаған Елбасы Қытай елімен кездесуде назарынан тыс қалдырмады. Қытай Халық Республикасының ақсақалы Цзянь Цзэминь «біз екеуміз дос болып тұрған кезде өз шекарандағы жерлердегі жағдайларды

анықтап ал» - деген екен. Елбасының **сөз тапқырлығы, даналығы, дипломатиялық шеберлігінің бір шыңын** «Председатель мырза! Сіздер үлкен мемлекетсіздер. Ал біз, кішкентай елміз. Мен сіздерге сол проблемалық жерлердің 53 % сіздерге жіберіп, қалған 47% біз алсақ деген ұсыныс айтам» деп, ұзақ жылдар шешілмей келе жатқан түйіннің шешімін тапқандығын ерекшелеп айтуға болады.

Міне, осылай ата-бабаларымыздан бізге мұра болып қалған кең –байтақ жеріміз толығымен қалпына келтірілді. Сондықтан да 2014-2015 жылдардағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының толығымен айқындалуының 20 жылдығы қарсаңында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Отанымыздың болашақтағы барша дамып, гүлденуі, тұтастығы мен бірлігінің негізгі кепілі- кең байтақ жеріміздің тұтастығын қамтамасыз етудегі қызметін ұрпағымызға насихаттап, оның тарихи маңызын айқындау басты міндет деп есептейміз.

Ел бірлігі болмаса, онда экономика мен әлеуметтік даму тұрмақ тәуелсіздік пен тұғырлылық туралы да сөз айтуға шама жетпес еді. Сондықтан да, бейбітшілік пен бірліктің маңызын ұғынған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы **Қазақстан халқы Ассамблеясын** құру туралы идеясын жарияласа, құтты мекенге тұрақтылықтың тамырын жайғызатын, бірлікке сызат түсірмеуді көздейтін Қазақстан халқы Ассамблеясын 1995 жылдың 1 наурызында құрды.

Бүгінде 130-дан астам этнос өкілдері тұратын Қазақстанда ішкі және сыртқы татулықтың сақталуы барлық халықтар үшін маңызды үлгі. Өйткені, ішкі және сыртқы татулық пен бірлік – мемлекет басшысының үнемі назарда ұстап, бақылап жүретін басты ұстанымы. Көп ұлтты қоғамның ішкі татулығын сақтай білу – тек мемлекеттің ғана емес, күллі адамзат қауымның игілікті ісі. Ішкі тұрақтылық пен татулықтың сақталмауынан әлемде түрлі жағдайлар орын алып отырғандығы белгілі. Сол себепті, күшті ұлт болуымыз үшін ыңтымағы жарасқан,

ұлттық бүтіндігі сақталған, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып, татулықты ту еткен халық бола білдік. Оның көрінісі елімізде түрлі ұлттар мен ұлыстардың мәдени-ұлттық орталықтары құрылып, өз жұмыстарын еш кедергісіз жүргізуі, бір-бірімен тең құқылы болуы, тілінің, дінінің, мәдениетінің дамуына бар жағдайды жасап беруі. Бір атаның баласындай бір-біріне деген құрметі осының айқын дәлелі емес пе? Елбасы тәуелсіздігімізді сақтап қалудың бірден бір жолы осы ішкі татулық пен ынтымақтастық екенін алыстан көре білді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1997 жылды «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялау туралы Жарлығы еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтумен қатар, халықтың тарихи зердесін қалпына келтіруді, тоталитарлық режимнің халыққа қарсы бағытталған мән-мағынасын ашып, оны айыптауды көздеген имани мұрат-мақсаты бар қимыл болды. Отандық тарихты зерттеу жұмыстарына жаңа серпін беруде, 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы айрықша орын алды. Үш жылда елдің мәдени мұрасын зерттеудің тұтас жүйесі жасалып, елеулі тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру жөнінде тұжырымды жұмыс жүргізілді. Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты қолжазбалар, кітаптар мен құжаттар жинақталып, баспадан шығарылды. «Мәдени мұра» бағдарламасы тарихи-мәдени дәстүрлерді қайта жаңғырту мен дамыту сабақтастығын, еліміздің мәдени мұрасын насихаттау, қолдану, сақтау және зерделеу мен байланысты негізгі аспектілерді анықтайды. Бағдарламаны әзірлеу мәдени құндылықтарымызды тиімді пайдалану және сақтау жөніндегі жұмыстарды жоспарлы қаржыландыру жолында мәдени мұра саласындағы қордаланған жағдайларға барынша белсенді, сындарлы түрде кірісу қажеттігімен негізделген.

Еліміз тәуелсіздігін алып, өз алдына дербес мемлекет болғаннан кейінгі негізгі

мақсаттарының бірі халқымыздың Тәуелсіздік туы астында өзара тату-тәтті әрі бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету болса, қазір Қазақстанда жасампаздық пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін этностар мен діндердің өзара әрекеттесуінің әлемдік моделі қалыптасты. Астанада өтіп жүрген діндер құрылтайы - Қазақстан үшін үлкен халықаралық оқиға. Себебі, бүгінгі таңда экстремисттік, террористтік топтар діни тон киіп, әрекеттеніп отырған кезеңде, діни тұлғалар кездесіп, сөйлесіп, бір ортақ шешіммен әлем тыныштығын діни тәрбие ұғымымен байланыстыру дұрыс шешім. Себебі халықтар қайда тұрмасада, олардың діни әр-түрлі болғанымен Құдай бір, жаратқан Алла бір. Сонда ғана өзара татулықта өмір сүруге болады.

«Еуропаға жол» бағдарламасын қабылдап, діни түсіністікке қол жеткізуді және бәсекеге түсе алатын өнім өндіруді жүзеге асыруды реттеді. Соның нәтижесінде Астана қаласында дәстүрлі әлем діндерінің съезі өтуі, еліміздің ұлттық бірлік пен тұрақтылықты сақтаудың, салауатты ұрпақ тәрбиелеудің жарқын үлгісін көрсетті. Форумның дүниежүзілік маңызы өте зор. Себебі, қазіргі дінаралық қайшылықтарда бірін-бірі түсініп, бір үстелдің басында шеше алатындығымызға көз жеткізді. Мемлекеттің дамуы үшін ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздік сияқты аса маңызды болып табылатын шарттар осы дінаралық, ұлтаралық қатынастарға байланысты екендігі баршамызға мәлім. Қазақстанның дінаралық ынтымақтастық пен келісімнің үлгісіне айналуы – елдегі халықтың барлығының бір-бірімен өзара түсіністік пен келісім жағдайында мамыражай тіршілік кешуіне ықпал етеді. Астананың дүниежүзілік діндердің бас қосатын бесігі әрі дінаралық, ұлтаралық татулық пен бейбітшіліктің ордасына айналуы, Н.Ә.Назарбаевтың діндер арасындағы диалогты орнату идеясы тарихи қадам десек әбден болады.

Қазақстанда түрлі наным-сенімді ұстанатын көптеген этностар мен ондаған діни конфессиялар бейбіт қатар өмір сүріп, оның саяси тұрақтылығына, экономикасы мен мәдени дамуына жұмыла үлес қосып келеді.

Бұл, нарықтық экономиканың жаңа секторы үшін үлкен демеу емес пе? Өйткені, бүгінгі нарықтың талабы баяғыдай ірі зауыттар арқылы емес, шағын және орта бизнесті өркендету арқылы экономиканы тұрақтандыруға басым бағыт беріледі. Әлемнің бар елі осы жолмен өтіп келеді. Біздің елімізде шағын және орта бизнесті күнделікті тірлігіне айналдыруға ұмтылушылар көп. Соның арасында жастардың қатары да көбейіп келеді. Бизнестің бұл түрі тек ірі қалаларда ғана емес, аудандарда, тіпті ауылдарда кең тарала түсуде. Шағын және орта бизнес өкілдері арасында құндылықтарымыз бен төл мәдениетіміздің, қазақы отбасы мен ғасырлардан үзілмей келе жатқан дәстүріміздің тынысын ашуды көздегендерді байқап жүрміз. Демек, елімізде әр азаматтың, әсіресе, жастардың ерінбей, жалықпай еңбектенуіне, ел игілігіне қызмет етуіне тағы да үлкен қолдау жасалып отыр. Бұл жай ғана айта салынған емес, Елбасының, мемлекеттің тарапынан жасалған маңызды қолдау. Біз сан ғасырлардан бері аңсаған тәуелсіздігімізді бекем қылуға талпынып, сол жолда бірнеше ауқымды істерді атқарып келе жатқан айбынды елдің ұрпағымыз. Біздің мақсатымыз – Тәуелсіз Қазақ мемлекетінің егемендігін сақтау, еліміздегі ішкі бірлікті нығайтып, ұлттар татулығына селкеу түсірмеу, ең бастысы – отандық экономиканы өркендетуге лайықты үлес қосу.

Сыртқы саясатта да әлемдік аренадан өзіндік дара бет-бейнесімен көріне білді. Бұрын бұған дейін мәселелерді одақ шешетін болса, ендігі жерде өзінің сыртқы саясатын ұлттық-мемлекеттік мүддеге сай жүргізе бастады. Мұның жарқын дәлелі ретінде жоғарыда айтылғандармен қоса, Қазақстан Республикасының БҰҰ толық құқылы мүшесі болуы, Хельски келісіміне қосылуы, СШҚ-1 Шартына, Лиссабон хаттамасына қол қоюы және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа енуі оның халықаралық беделін нығайтып қана қоймай, үлгі де бола білді. ОБСЕ-ге және Ислам конференциясы Ұйымына төрағалық етуі, Елордамызда қысқы Азия ойындарын өткеруі, негізгі әлем-

дік валюта қаржы ұйымдарына — Халықаралық валюта қорына, бүкіл дүниежүзілік банкіге еуропалық қайта құру және даму банкісіне енуі, Еуропалық одақпен серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюы, Азияның он елін біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық ұйымына белсенді түрде жұмыс істеуі тәрізді санамаласаң саусақ жетпейтін істердің қасынан табылып, басқа да салаларда сырт елмен тығыз байланыс жасап отыруының өзі Елбасының асқан тәжірибелігінің, саясаткерлігінің арқасы.

Сырт елдермен байланыс жасаудың нәтижесінде қазір бізді дүние жүзінің 117 мемлекеті та таниды, оның 105-імен дипломатиялық қатынаста. Шетелдерде 26 елшілік ашылып, Алматыда 40 елшілік пен миссия, халықаралық және ұлттық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді. Міне, Елбасының осындай сарабдал саясат орнатуда сыртқы және ішкі татулықты сақтап, халықтың тыныш өмір сүруіне бірден-бір мұрындық болып отырған жан екенін өткен сайлау нәтижесі дәлелдеп берді.

Астанада соңғы 11 жыл ішінде алғаш рет **Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше 56 мемлекеттің саммитінің ЕҚЫҰ-ға төрағалық етіп отырған Қазақстан елордасында өтуі үлкен жетістік** болып табылады. Әлемдегі ең бір жетекші, қызмет ету аясы кең ұйымдардың бірі саналатын ЕҚЫҰ-ның негізгі ұстанымдарының бірі — ол гуманитарлық өлшемге, яғни адами құндылықтарды дәріптеу мен ұлықтауға негізделетіні белгілі. Ал, Қазақстан аталған Ұйымға төрағалық ету тізгінін берік ұстаған күннен бастап осы адами өлшем бағытына айрықша назар аударып келеді. Көптеген елдердің жетекшілері бірлесе отырып болашақтың жоспарын талқылауға мүмкіндік алатын бұл іс-шара Елбасының әлем мойындайтын даналығының тағы бір көрінісі.

Ұлыбритания Парламентінің бұрынғы депутаты әрі сол елдің өкімет мүшесі лауазымдарын иеленген, белгілі қаламгер әрі қоғам қайраткері Джонатан Айткеннің «Нұрсұлтан Назарбаев және Қазақстанның қарышты қадамдары» (Jonathan Aitken «Nazarbayev and making of Kazakhstan») атты, 2009 жы-

лы Лондон мен Нью-Йоркте ағылшын тілінде, ізінше, орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген тартымды туындысында Елбасының Қазақстанды дамытудағы ерен еңбегі жан-жақты сараланған. Кітап авторы ұлтымыздың лидері, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың дала қазағының отбасында дүние есігін ашып, еңбек жолын болат қорытушы болып бастап, есейе келе, стратегиялық тұрғыдан өте маңызды мемлекеттің іргетасын қалап, тұтқасын ұстап келе жатқан пассионар-қайраткер деп қысқа қайырады да, Қазақстанның тұңғыш Президенті тағдырының соқтықпалы-соқпалы тар жол, тайғақ кешулерден тұратын тарихи драма екенін тамыршыдай дөп басып, ағылшын тілді әлемге паш етеді.

Бүгінде жеткен жетістіктеріміздің барлығының бағын тайдырмай, оның тұғырына қондырып, келер ұрпаққа табыстау, болашағын баянды ету Елбасының басты тапсырмасы. Ал, егер аталғандардың барлығы керісінше болса, нағыз кешірілмес күнә, еліне, халқына, жеріне деген опасыздық жасаған болатынын өзі де ескертеді. Сол себепті, жастарға жаһандану жағдайында сыртқы күштердің идеологиясына еріп кетпей, ата-баларымыздың сан ғасырлар армандап, әзер жеткен тәуелсіздігіміздің қадірін кетірмей, бағалай білуге, оны баянды етуге ұмтылуымыз, ол үшін басты шешуші жол — талмай, жалықпай еңбек етуіміз қажет екендігін де айтады. Тек еңбектің арқасында ғана белгілі нәтижеге жетуге болатынын тілге тиек етеді. Қаншама жыл бодан болған күннің өзінде ата дәстүр, салт-санамызды, тілімізді, дін-імізді, ділімізді жоғалтпай, тарихымызды ұмытпай келгенімізде, жаһандану барысында жұтынып келген сырт күшке бой алдырмай, тәуелді болмауымыз шарт дейді. Ал оған төтеп беруде қара күшті емес, ақыл мен білімді қолдану керек екенін, қазіргі инновациялық даму жағдайында ақыл-өрісі дамыған білімді де, білікті, салауатты азаматтар ғана қажет екенін айтады. Мұндай ұрпақтың алдында қыруар істер тұрғанын, оның көшбасшысы жастар, біз әлі сол көштің басында тұрғанымызды, оны алға жылжытар

тек келер ұрпақ екенін айтады. Қазақтың рушылдыққа, жершілдікке бөлінуіне жол жоқтығын, тек болашаққа нық қадаммен жүру керектігіне де тоқталады. Білім мен тәрбиені ұштастыра отырып, оның тетіктерін іске қосу арқылы келешек ұрпақ бойына Отанымыздың әлеуетін арттыратын ең сенімді кепіл – асыл да құнды, ұлттық қасиеттерімізді дарыту екенін дәлелдейді. Оны Н.Ә.Назарбаев бір сәтте назардан тыс қалдырмай нағыз ұлттық келбетімен отаншылдықтың, елжандылықтың тамаша үлгісін көрсетіп келе жатқанына баршамыз куәміз. Мұны Елбасының Тәуелсіздік жылдарында өз қаламынан туған «Қазақстан – 2030», «Сындарлы он жыл», «Тарих толқынында», «Ғасырлар тоғысында» атты т.б. кітаптарынан мазмұнды, шын мәніндегі барлық ұлттық бітім-болмысын айқын көреміз.

Ел тағдырынан Елбасының тағдырын бөліп алу мүмкін емес. Бұл – ақиқат. Ендеше, ырыстан ынтымағы озған Ел бірлігін көздің қарашығындай сақтау, бағдаршамдай қастерлеу – бәріміздің ортақ борышымыз.

Біздің басты құндылығымыз – төл тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз, дәстүрлі дініміз. «Мұндай бақытқа қол жеткізуімізге аянбай тер төккен, қажыр-қайратын халықтың жақсы тұрмыс-тіршілігіне жұмсап келе жатқан Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Жанашыр ұлт қайраткерлерінің, әсіресе, Нұрсұлтан Әбішұлының, сол кездегі даналығының, білгір де, тапқыр саясаткерлігінің, болашақ-

ты болжай білетін көріпкелдігінің арқасында тұралаған Қазақстанның еңсесін тіктетіп, дамыған, өркениетті қоғам қалыптастыруда кезіккен қиыншылықтарды еңсере алатындығына халықтың сенімін ұялата отырып, әр қазақстандық кеудесіне үміт отын жақты. Халықтың көңіліндегісін тауып, көкейдегісін орындауға тырысты» Қазақ – ұдайы биікке самғатар асыл мұратқа ұмтылған, бар бақытқа жеткізер еңбектің қадірін білген ұлы халық.

Қорыта келе, осы жылдардағы ерен еңбектің нәтижесін, бүгінде халық игілігіне орындалып жатқан киелі істердің қорытындысын, болашақта орындалатын тұжырымдамалардың орнын белгілейтін «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» атты пән, барлық білім ошақтарына енгізілсе дегіміз келеді. Сол пән арқылы Қазақ елінің өткені мен келешегі тоғыстырған сындарлы саясатты білім алушының бойына ұғындырып, менің елім деп мақтанатын тұлға қалыптасыратыным сөзсіз. Ол пән сатылай білім алушының жас деңгейіне қарай, қабылдау ерекшелігіне қарай түрлі әдістермен, әр білім үрдісі талабына сай құрылымды түрде ұйымдастырылуы шарт.

Бірлігі мен татулығы бекем, экономикалық өркендеуі алға арындаған еліміздің жастары Елбасы жүктеген сенімді ақтауға атсалысады, сөйтіп, мақсатымызға жетуге үлесін қоса береріне толық сенеміз.

Әдебиеттер

1. Н. Назарбаев. Еуразия жүрегінде. Алматы. Атамұра, 2005
2. Ғ.М.Қарасаев Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты XX ғасырдың соңы-XXI ғасырдың басында (тарихи-саяси бағыт). Өскемен.
3. Н. Назарбаев. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра, 1999,
4. Қазақстан - 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.- Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.-//Егемен Қазақстан, №828-831 (27902), 15.12.2012
5. М.Б. Қасымбеков Первый. Очерки о Президенте Республики Казахстан. – Астана: Фолиант. 2008.
6. С.Ж. Пралиев. М.А. Нуриев. Ж.А. Сейсенбаева. Ж.М. Сейітова. «Елбасы – тәуелсіздіктің тірегі» Ұлттық тәрбие №2 2011
7. Ж.А. Сейсенбаева. Елбасы және ұлттық тәрбие . Ұлттық тәрбие №2 2011.
8. Ж.М. Сеитова. Сүйсінем болмысына елағаның Ұлттық тәрбие №2 2010

ӘОЖ 3.37.02

Д.Ж.Нөкетаева

*Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты*

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЯСАТЫ ЕЛБАСЫ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Елбасы Н.Назарбаев қазіргі заманғы тиімді қоғамды құрудың стратегиялық мәселесі ретінде білім беру саласын жетілдіріп, заманауи талаптарға сәйкестендіруді міндеттеді. Бүгінде отандық білім саласының дамуы мемлекеттік саясаттың басты және негізгі бағыты. Мемлекет қашанда білім беру мәселесіне ерекше маңыз беріп, студенттердің бәсекеге қабілетті болып шығуы үшін барлық жағдайларды жасап келеді.

Қыздар университетінің басшысы ретінде, Мен қыздарымның білімді де тәрбиелі, қазіргі заманның нағыз құзыретті мамандарына айналып, қоғамымыздың дамуына зор үлес қосатынына сенімдімін.

Түйін сөздер: Білім, ғылым, бағыт, Елбасы саясаты, отан.

Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев обозначил модернизацию системы образования, стратегической задачей построения эффективного общества на современном этапе. И это доказывает жизненную важность модернизации системы образования. Сегодня развитие отечественной сферы образования является одним из самых главных и основных направлений государственной политики. Правительство всегда уделяет большое внимание вопросам образования, создает все условия для воспитания конкурентноспособной личности и качественного обучения студентов.

Я как руководитель университета, хочу сказать, что я верю в то, что наши девушки станут образованными, воспитанными, квалифицированными кадрами, и внесут свой огромный вклад в развитие общества.

Ключевые слова: Образование, наука, направление, политика президента, родина.

President Nursultan Nazarbayev outlined modernization of the education system, strategic objectives building of the effective society at the present stage. And it shows the vital importance of modernization the educational system. Today, the development of the domestic education sector is one of the most important and the main directions of state policy. The government always pays great attention to education, creates all conditions for the education of competitive identity and quality educating of student.

I as the head of the university, want to say that I believe that our girls will become educated, trained, skilled personnel, and will make a huge contribution to the society.

Keywords: Education, Science, direction, President policy, motherland.

Дүние жүзін дағдарыс жайлап, алдыңғы қатардағы елдердің өздері үлкен экономикалық күйзеліске төтеп бере алмаған осынау заманда біздің еліміздің дамуында оң өзгерістер мен жетістіктер орын алуда. Тұңғыш Президент – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың халқының әл-ауқатын арттыру

үшін «100 нақты қадам» Ұлт жоспары арқылы мақсатты міндеттер мен биік межелерді қойып, «мәңгі Қазақ елін» тарихи дамудың дара жолында келе жатқанын білеміз.

Бұл күнде, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен, Қазақстан қуатты да іргелі мемлекетке, қа-

зақ халқы – шаңырағы биік, босағасы берік, тәуелсіз елге айналды. Елбасымыз ұлттық идеяның қажеттігін алға тартып, «Қазақ Елінің Ұлттық идеясы Мәңгілік Ел» - екенін көрсетті. «Мақсат - жетістіктің желкені» - деп, халық нақылында айтылғандай, дұрыс жүргізілген саясат еліміздің шоқтығын биіктете түсті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» стратегиясының басты мақсаттарына қол жеткізуде екі ең маңызды басымдықтың бірі - инновациялардың басты қозғаушысы – адамның дамуы үшін барлық қажетті жағдайлар жасау болса, екіншіден, бизнес пен кәсіпкерлік бастамаларды дамыту үшін жағдайлар жасайтын институттық ортаны жетілдіру деген болатын. Бұл ретте адами капиталды дамытуға орай, Елбасы білім беру ғылымды қажет ететін экономика құрудың шешуші құралы ретінде барлық деңгейдегі жаңа сапаға бағдар ұстануды міндеттейді. «Ол – барлық балалар үшін, соның ішінде ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әл-ауқатына қарамастан, 3 жасқа дейінгі балалар үшін мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің қол жетімділігі, бұл – орта, кәсіптік-техникалық және жоғары білім беру сапасының жоғары деңгейі. Білім беру жүйесі тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды тәжірибеде қолдану үшін қажетті дағдылар да қалыптастырып, оқытудың қазіргі заманғы тәсілдерін тұрақты түрде енгізіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалануы тиіс», - деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл мемлекетіміздің инновациялық, зияткерлік экономикаға, технологияға бет бұрғанын көрсетеді. Осы орайда, білім беру мен ғылымды дамытудың қажеттілігі «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудың негізгі тетігіне айналды.

Бүгінгі таңда қоғамның дамуын жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, ғылымға баулу - мемлекет саясатының басты бағыты. Себебі, білім беру, ғылымға бет бұру - Әлемнің келешектегі перспективасындағы маңызды мәселе. Қыздар университеті қыздар білім алатын бірегей оқу орны

ретінде болашақтағы ұлт анасын тәрбиелей отырып, қыздарымыздың озық ойлы, парасатты, өзіндік ұстанымдары бар, Әлемдік стандарттарға сай келетін маман ретінде танылуын көздейді.

Қазіргі таңда білім беру саласының жаңартылуы білім алушылардың әлеуетін 100% көтеріп, оларды жалпы білімге тартып, кәсіби-техникалық оқытуды ең жоғары деңгейде ұйымдастыруға тиіспіз. Сондай-ақ қолданбалы біліктілікке оқытып, индустрия мен қызмет көрсету саласындағы өзгерістерді басқаруды үйренуі қажет. Сонда ғана Елбасы тапсырмалары негізінде еліміздің білім саласын жаңарта отырып, «Мәңгілік ел» құру мақсатына қол жеткізе аламыз.

Қыздар университеті «Қыз әдемілік пен іңкәрлік символы» - дей отырып, тәрбие жұмыстарының басым бағыттарын ұлттың рухани тамыры ретінде ұстана отырып, құтты да киелі білім ордасында қыздарымызды қанаттандырып, білім нәрімен сусындатып, еліміздің түкпір-түкпіріне ақылы көркіне сай етіп аттандырады. Университет қыздарына ұлттық сана-сезімді сіңіріп, ежелден келе жатқан мәдени мұра – тәрбиелік мәні зор салт-дәстүріміз бен ұлттық қасиетімізге баулып, осы халық қазынасын жаһандану заманында аялауды үйретеді. Университетте құрылып, республикаға белгілі болып, қаншама клубтардың бастамасына негіз болған «Қыз Жібек» клубы мақтанышымызға айналды. Университетімізде білім алушылармен қоян-қолтық жұмыс жасап, олардың әлеуметтік жағдайын, көңіл-күйін, мұң-мұқтажын ортаға салып отырған жастар комитеті және көптеген жастар ұйымдары «мәңгілікке» бет бұрған еліміздің ертеңін, қоғамымыздың дамуын ескере отырып, барша студентке дұрыс тәрбие беруді жоғары деңгейде өткізіп келеді.

Биылғы жыл ұлт тарихында ерекше жыл болып отыр. 2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы

– мұның бәрі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен ұлы халқымыздың ерен еңбегі, тәуелсіз еліміздің мәртебелі белестері болмақшы. Сондай-ақ «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында көрсетілгендей жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруде айрықша ықпал етері сөзсіз. Осылайша біз кейінгі ұрпаққа ең басты байлығымыз – Ел бірлігін аманаттап қалдырамыз анық.

Университет жастарына мемлекет идеологиясының тұғырлы жобалары жаңа дәуірдің, кемел де келісті келбетін айшықтап, оларды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қолдап, жаңаша серпін берді. Сондай-ақ университет жастары елдің тұтастығы мен бірлігін, татулығы мен тыныштығын ең басты назарда ұстап, Елбасымыздың алдымызға қойған міндеттері мен тапсырмалары негізінде, қазақ қызының бойындағы патриоттықтың нағыз үлгісін көрсете алады.

«Болашақ» бағдарламасы жастарымызды шет елдердің ең беделді университеттерінде оқытса, «Назарбаев зияткерлік мектептері» еліміздегі барша орта білім ошақтарына үлгі болып, әлемдік деңгейде танылып үлгерген «Назарбаев университетіне» қарап барша жоғарғы білім ордалары бой түзеп келеді. Сондай-ақ оқытудағы жаңа бағдарламалар мен инновациялық жаңашыл жоспарлар, білім мен ғылым саласындағы жетістіктеріміз де жоқ емес.

Мұның бәрі біздің елдің білім саласы дамып келе жатқанын көрсетеді. Бүгінде Елбасымыз болашағымыз баянды болуы үшін, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарынан берік орын алып, әлемдегі үздік отыздықтың қатарына кіруді басты стратегиялық мақсат етіп қойып отыр. Бұл маман даярлау ісінде танылып, Ұлттық рейтингте педагогикалық оқу орындары ішінде I орынды иеленіп отырған Қыздар университетінің де Даму стратегиясының негізінде қаланған. Заманға сай болмысын көрсете білген Қазақ қыздарының парасат мектебі – жаңа заман талаптарына сай, қоғам сұраныстарына жауап бере алатын, сапалы, кәсіби мамандарды даярлауда.

Қазіргі уақытта университетте мемлекеттік тапсырыс және келісім шарт негізінде

6500-ге жуық студент білім алады. Оқу үдерісін жаңарту мақсатында ғылыми-зерттеу орталықтары ашылып, химия, биология, физика зертханалары, компьютерлік, интерактивті дәрісханалар, хореография, лингафон және дене шынықтыру залдары керекті құралдармен қамтамасыз етілген. Ақпараттық-техникалық база, дистанциондық және онлайндық оқу формаларын дамытуға сәйкес жабдықталған. Университеттің ақпараттық инфрақұрылымы университеттің компьютер желісі, қолданбалы ақпараттық жүйелер, тақырыптық ақпараттық қорлармен сервистік жабдықталған. Қыздарымыздың алаңсыз білім алуына барынша көңіл бөлетін университетіміз осы оқу жылына жаңадан салынған 450 орындық жатақхананы, «Аққу» жүзу бассейнін, «Ақшатыр» жазғы алаңын қолдануға берді. Барлық жатақханамыз оқу бөлмесі, тренажер залы, кітапхана, интернетпен жабдықталған.

Қазіргі таңда оқу орнында жас таланттар үшін 40-тан аса студенттік ұйым мен клубтар жұмыс істейді. Қыздарымыздың бар өнерін ашып, өнер жолын таңдаған жастарға арналған «Өнер-жастан» опера театры, «Жан сарайы» драма театры, «Ұлар» ұлт аспаптар оркестрі, «Айгүл» вокалды ансамблі, «Томирис» би ансамблі, 150 адамнан тұратын үлкен хор, «Тек қана, қыздар» көңілді тапқырлар клубы бар. Ал ақын, жазушы, тілші боламын дейтін жастарға арналған, олардың қаламдарын ұштайтын, Студенттік медиа-клуб, «Қыз Жібек» студенттік газеті, «Алашшыл жас» журналы қызмет атқарып жатыр. Бүгінде университет студенттері көптеген халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаттары.

Қос дипломды білім беру барысында сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2014-2015 оқу жылының 1 жарты жылдығында 8 студент Лондон Менеджмент және Ғылымдар Академиясына, 5 студент және 1 магистрант Миссиссиппи мемлекеттік университетіне және 3 студент, 1 магистрант Нигде Университетіне оқуға жіберілді. 2 жарты жылдықта 3 студент Менеджмент және Ғылымдар Академиясында; 5 сту-

дент, 2 магистрант Миссиссиппи мемлекеттік университетінде білім алды және Нигде Университетіне 2 студент оқуға жіберілді

Бүкіладамзат қоғамын шарпыған жаңа индустриялық революция біздің оқу орнының ғалымдарына жаңаша бағыт берді. Астанада өтетін әлемдегі ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің, жаңалық атаулының жетістіктерін насихаттайтын ЕХРО-2017 көрмесіне ғалымдарымыз жобасы арқылы өз үлестерін қосқалы отыр. Физика-математика факультетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Жамалов Ажымұқанның энергетика саласы бойынша, 2013-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру байқауының жеңімпазы болған «Автономды пайдалану үшін микро гидро электро бекеттерді өңдеу және пайдалану» жобасы «ЭКСПО - 2017» бүкіл әлемдік көрмесіне қатысады. Университет білімгерлер арасында байқау гранттарына негізделген ғылыми жобаларды қарқынды жүргізіп келеді. 2014 жылы студенттер мен магистранттар арасында стартап-жобалардың байқауына 15 ғылыми жоба қатысып, 4 жоба жеңімпаз атанды. Университет студенттері жыл сайын өткізіліп отыратын ғылыми - зерттеу жұмыстарының байқауына, республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми конференцияларға белсенді түрде қатысып жүлделі орындарды иеленуде. 77 студент ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында, 20 студент пәндік олимпиадаларда, 193 қызымыз халықаралық, республикалық, университет көлеміндегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларда үздік атанды.

Қазіргі таңда докторанттар мен магистранттарымыз жыл сайын АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Польша, Оңтүстік Корея, Қытай, Ресей, Түркия сияқты алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттердің ЖОО-да

шетелдік тағлымдамадан өтсе, соңғы 3 жылда аталмыш мемлекеттерден 46 ғалым университетімізде дәрістер оқып, тәжірибе алмасуда.

Қазіргі кезде маман біліктілігін арттыру жұмысы аясында адамның өзін-өзі өзгертуі, қайта түлетуі арқылы кәсіби шеберліктің шыңына жетуі қарастырылуда. Осы орайда, Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында: «Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» - деген сөздері біздің болашақ мамандарымыздың ұранына айналып отыр.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың: «Ұстаз – тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», – деген тұжырымы бәсекеге қабілетті тұлға даярлаудағы білім сапасын көтерудегі ұстаздың ролінің жоғарылығын көрсетеді.

Жалпы университетіміз білім беру қызметімен шектеліп қалған емес. Жоғарыда да атап өткеніміздей, оқу орны даму стратегиясында жоспарланғандай ғылыми-зерттеушілік орталықтарын құрып, білімпаздарымыздың білім алуы мен ғылыммен шұғылдануын қатар дамытуда.

Сондай-ақ білім саласының өкілі ретінде айтарым, дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруге бағытталған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру, оны орындау білім беру мекемелеріне, ұстаздар мен ғалымдарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан да «Мәңгілік елдің» жасампаз жастарына сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы ғылым көкжиегін кеңітіп, жаңа бағыттарға жол ашып, тәуелсіз еліміздің тұғырын нықтай аламыз.

ӘОЖ 37.0

Қ. Бөлеев

педагогика ғылымдарының докторы,

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры

Ж.Саурықова

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің аға оқытушысы

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада Қазақстанда қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлердің зерттелуі бойынша жарық көрген ғылыми еңбектерге мазмұндық талдау жасалынған. Сонымен қатар, хандық дәуірде жазылған еңбектердің құндылығы, маңыздылығы жан-жақты сарапталды.

Түйінді сөздер: педагогикалық ой-пікірлер, қазақ тәлім-тәрбиесі, хандық дәуірдегі педагогикалық ой-пікірлер, ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер, отансүйгіштік тәрбие.

В статье определены педагогические идеи периода казахского ханства на основе содержательного анализа трудов ученых-педагогов Казахстана. А также проанализировано труды написанное в период казахского ханство

Ключевые слова: педагогические идеи, казахское народное воспитание, педагогические идеи в период казахского ханства, педагогические идеи в поэзии акын-жырау, патриотическое воспитание.

In the article pedagogical ideas are certain in the period of the Kazakh khanate on the basis of rich in content analysis of labours of scientists-teachers of Kazakhstan. And to analyze works written in the period of the Kazakh Khanate

Keywords: pedagogical ideas, Kazakh folk education, pedagogical ideas in the period of the Kazakh khanate, pedagogical ideas in the poetries of akyn-ghyrau, patriotic education.

Ұлы Жібек жолының бойында құрылған қазақ хандығы, қазақ хандары, олардың шежірелері және қазақ батырлары туралы М.Х.Дулати, Қ.Жалаири, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, Е.Бекмұханов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, М.Мағауин, Ж.Қасымбаев, І.Есенберлин, т.б. тарихи және әдеби тұрғыда қарастырған. Ал қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлердің даму тарихын Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, А.Дүйсенбаев, Д.Әлиева, Е.Аяған, С.Иманбаева, Э.Құрманалиева, М.Налибаев, Р.Молдақасов, т.б. зерттеп, олар бойынша бірнеше еңбектер шығарғанын анықтадық.

Қазақ ғалым-педагогтарының қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлерді зерттеуі ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан бастау алады. Сол кезеңде Қ.Жарықбаевтың «Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане» атты әдістемелік нұсқауы және «Аталар сөзі – ақылдың көзі» атты монографиясы, С.Қалиевтің «XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер» атты көмекші құралы, ал Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің авторлығымен «Қазақ тәлім-тәрбиесі» деген атпен оқу құралы жарық көрді.

Қ.Жарықбаевтың болашақ мұғалімдерге арналған «Из истории развития педагогичес-

кой мысли в дореволюционном Казахстане» атты әдістемелік құралын 1978 жылы шығарды [1]. Кітапшаның екінші және үшінші параграфтарында «XV–XIX ғасырлар ақын-жырауларының шығармаларындағы психологиялық-педагогикалық идеялар» тақырыбына әдістемелік ұсыныстар жасалынған. Онда хандық дәуірде өмір сүрген ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік идеялары олардың поэтикалық шығармаларынан үзінділер келтіру арқылы нақты мысалдармен талданып берілген.

Қ.Жарықбаевтың «Аталар сөзі – ақылдың көзі» атты монографиясының екінші бөлімде XV ғасырда қоғам дамуына түбегейлі, жаңа бетбұрыс жасаған XIX ғасырдың ортасына дейінгі үлкен аралықтың есепсіз мол, тәлім-тәрбиелік мұраның жекелеген беттері талдауға алынады [2]. Дәлірек айтсақ – осы бөлімнің алғашқы тарауында XV–XVII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың (Асан Қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет) өр рухты, жауынгерлік пафосқа толы толғауларынан туындайтын көшпенді ата-бабаларымыздың өзіндік психологиясы, тәлімдік мәні зор дана сөздері жайлы сыр шертіледі. Бөлімнің келесі тарауларында XVIII ғасырдағы қазақтың қоғамдық өмірінің өкілдері Ақтамберді, Шал, Бұқар жырау шағармашылықтарында көтеріліп отырған көзқарастарға сол кезең тұрғысынан баға беріліп, бұлардың қай-қайсысының да қазіргі заман талабымен үндес жақтары жұртшылық назарына ұсынылады.

С.Қалиевтің «XV–XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер» атты көмекші оқу құралында XV–XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер көріністерін жан-жақты қарастыра отырып, оның озық үлгілерін бүгінгі ұрпақты абзал азамат етіп тәрбиелеуге пайдалану жолдарын сөз етеді [3].

Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің авторлығымен «Қазақ тәлім-тәрбиесі» деген атпен оқу құралының екінші тарауы «XIV–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақын-жыраулардың тәлімі» деп аталып, онда хандық дәуірде өмір сүрген Асанқайғы, Қазтуған,

Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетай, Бұқар, Шал ақын-жыраулардың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері қарастырылған [4].

Т.Әлсатовтың «Орта ғасырдағы қазақ ғұламаларының тәлім-тәрбиелік идеялары (XV–XVI ғғ.)» атты оқу құралы толықтырылып, «Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы» деген атаумен монография болып шықты [5]. Оны кіріспеден, төрт тараудан және қорытындыдан тұратын, бір дәуірдің педагогикалық ой-пікірін қамтитын сүбелі еңбек деуге болады.

Бірінші тарауы «XV–XVIII ғасырлардағы қазақ елінің саяси-экономикалық мәдени-рухани жағдаяттары» деп аталып, онда елдің әлеуметтік-экономикалық жағдаяттары жайлы қысқаша мағлұмат, осы кезеңдердегі елдің рухани дамуы, «Кейінгі ортағасырлық қазақ ойшылдарының тәлім-тәрбиелік және психологиялық көзқарастары (XV–XVIII ғғ.)» атты екінші тарауында Ө.Тілеуқабылұлы, М.Х.Дулати және Қ.Қ.Жалайырдың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, үшінші «Жыраулардың тәлім-тәрбиелік тағылымдары» атты тарауында жыраулардың философиялық көзқарастары туралы бірер сөз, Асан Қайғы жырау мен Бұқар жыраудың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, ал төртінші «Қазақ билерінің тәлім-тәрбиелік көзқарастары» атты тарауында Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері анықталған.

Т.Әлсатов Қазақстан республикасы жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «XV–XVIII ғ.ғ. қазақ ғұламаларының тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері» атты арнаулы дәрістің бағдарламасы бірнеше оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісіне ендірілген.

Р.Б.Молдақасовтың «Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлер» атты оқу құралында қазақ хандардың, ғұламалардың, ақын-жыраулардың тәрбие туралы ой-пікірлері, билердің сөз орамдарындағы тәрбиелік тағылымдар, студенттерге ұсынылатын тапсырмалар мен кейбір дерекнамалар берілген [6].

А.К.Игибаева мен Н.Б.Игисинованың «Из истории педагогической мысли и обра-

зования в Казахстане» атты әдістемелік нұсқауында Қазақстанда XV-XVII ғасырлардағы қазақ жырауларының шығармаларындағы білім беру мен тәрбиенің проблемалары баяндалған [7].

С.Иманбаеваның «Ұлттық патриотизм негіздері» оқу құралында XVIII ғасырдағы ұлттық ерлік мұралары болып саналатын Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Қанкелді, Еспенбет, Қасабай, Гауһар, Жәнібек, Қойкелді, Райымбек, Олжабай, Байғозы, Көкжал, Баян, Жантай, Өтеген, Жауғаш қазақ батырларының ерліктері арқылы жас ұрпақ бойында елге, жерге, Отанға деген ұлтжанды азамат тәрбиелеу көзделген [8].

Р.А.Джанбаеваның «Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері» атты оқу құралының «Патриоттық-ерлік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімінде Асанқайғы, Ақтамберді, Бұқар жырышы-жырауларының патриоттық тәрбие туралы педагогикалық ой-пікірлері олардың жырларына талдау жасалып, мазмұндалған [9].

А.Қ.Дүйсенбаевтың «Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері» оқу құралында орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде хандық дәуірдегі қазақ батырлардың ерлік дәстүрлері арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттері тәрбиесін қалыптастыруды негіздеген [10].

Бірінші бөлім «Оқушыларды қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіздері» деп аталып, онда «патриоттық тәрбие» ұғымының даму генезисі - оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесін жетілдірудің тарихи-педагогикалық кезеңдері екендігі, қазақ этнопедагогикасындағы ерлік дәстүрінің педагогикалық негіздері, қазақтың көркем әдебиеті мен тарихында сомдалған батырлардың ерлік өнегесі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбие құралы ретінде екендігі және қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушылардың отансүйгіштік

қасиеттерін қалыптастыру үрдісінің теориялық моделі жасалынған.

Екінші «Қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесін қалыптастырудағы әдістемелік жұмыстар» атты тарауда оқу үрдісінде қазақ батырларының ерлік дәстүрлері арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырудың педагогикалық құралы ретінде және мектептің тәрбие үрдісінде қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Г.И.Чемоданованың «Воспитание, школа и педагогическая мысль в истории Казахстана» атты оқу құралының екінші тарауы «Қазақстанда XV ғасыр - XIX ғасырдың бірінші жартысындағы педагогикалық ой-пікір» деп аталып, онда қазақ жыраулары (Асақайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Бұхар) поэзиясының тәрбиелік-қолданбалы және саяси-эстетикалық маңызы, қазақ халқының ағарту саласындағы патшалық Ресейдің саясаты сипатталған [11].

Б.Иманбекованың «Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен білім беру тарихы» оқу құралының үшінші тарауы «XIV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ойлар» деп аталып, онда көрсетілген кезеңдегі ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы баяндалған [12].

М.С.Елубаеваның «Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік мұралары» оқу құралында XV-XVIII ғғ. өмір сүрген ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін суреттеп, үнемі халық жанынан табылып, ел болашағы үшін замана салмағын өз жырларына арқау еткен ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлім-тәрбие көріністеріне, оның ұлттық тұлға тәрбиелеудегі орнына тоқталған [13]. Сонымен, қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлер біршама зерттеліп, нәтижесі монография, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал және әдістемелік нұсқаулар болып жарық көргені анықталды. Бұл еңбектер қазақ педагогикасының

дамуын көрсетумен қатар, оларды болашақ мұғалімдерді дайындауда оқытылатын «Педагогика тарихы» және «Қазақстандағы педагогика ғылымы» атты пәндерде кені-

нен пайдаланып, студенттердің патриоттық сезімін оятып, оларға ұлттық тәрбие берудің құрамдас бөлігі отансүйгіштікке тәрбиелеуге ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. К Жарықбаев. Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане. Монография. Алматы: РУМК, 1978
2. Қ Жарықбаев. Аталар сөзі – ақылдың көзі. Монография. Алматы: Қазақстан, 1980.
3. С Қалиев. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. Көмекші оқу құралы. Алматы: Рауан, 1990
4. Қ. Жарықбаев, С Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995.
5. Т.М Әлсатов. Орта ғасырдағы қазақ ғұламаларының тәлім-тәрбиелік идеялары (XV-XVI ғғ.). Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1998.
6. Р Молдақасов. Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлер. Оқу құралы. Тараз: ТарМУ, 2000.
7. А.К Игибаева, Н.Б Игисинова. Из истории педагогической мысли и образования в Казахстане. Методические указания. Усть-Каменогорск: ВКТУ, 2003.
8. С Иманбаева. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы. Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2004.
9. Р.А. Джанабаева Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері. Оқу құралы. Алматы, 2010.
10. А.Қ Дүйсенбаев. Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. Оқу құралы. - Ақтөбе, 2008
11. Г.И Чемоданова. Воспитание, школа и педагогическая мысль в истории Казахстана. Учебное пособие. – Петропавловск, СКГУ им.М.Козыбаева, 2009.
12. Б Иманбекова. Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен білім беру тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010
13. Елубаева М.С. Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік мұралары (XV-XVIII ғғ.). Оқу құралы. - Тараз: ТарМПИ, 2011

ӘОЖ 37.373.(373.1)

М.А. Нуриев

*Қазақстан Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры*

Ж.А. Сейсенбаева

*филология ғылымдарының кандидаты,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры орынбасары*

Д.М. Советканова

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ expertі

Қазіргі даму кезеңіндегі бес функционалды 100 қадамды оқу процесіне ендіру жолдары

Мақалада, елбасының соңғы сайлаудағы тұғырнамасы ретінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының күн тәртібіне көрсетілген ғылым мен білімге қатысты ойлары сараланады. Сонымен қатар, қоғам дамуы үшін маңызды әрі ел экономикасының ғана емес ұлттың әлеуметтік, мәдени-рухани саласының ілгерілеуіне де зор ықпалын тигізетін біліммен ғылымның дамуына қатысты айтылған ойларын уақтылы білім беру үдерісіне енгізу жолдары көрсетіледі.

Түйінді сөздер: білім, ғылым, гуманизм, реформа, қоғам, стратегия.

Статья посвящена новому плану нации, «100 конкретных шагов» по реализации пяти институциональных реформ выдвинутый главой государства. Основываясь на пяти институциональных реформах отдельное место выделяется системе образования где главной целью является – создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование, развитие и становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижение науки и практики.

Ключевые слова: наука, образование, гуманизм, общество, стратегия.

Article is devoted to the new plan of the nation, «100 concrete steps» on realization of five institutional reforms put forward by the Head of state. Based on five institutional reforms the separate place is allocated to an education system where a main goal is – creation of the necessary conditions for education directed on formation, development and formation of the personality on the basis of national and universal values, achievement of science and practice.

Keywords: science, education, humanity, society, strategy.

Еліміздің қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму тенденциялары оқу ісі жөніндегі реформаларға өзгерістер мен жаңаша көзқарастар легін алып келуді қажет етуде. Сондықтан да, білім беру жүйесі мен білім саласында түбегейлі реформа жасап, онда келесі тәрбиеленетін буынды ұлт патриоты етіп шығаруды мақсат тұту қарастырылуы тиіс. Білім беру саласында біздің уақытымызға дейін де талай реформа жүргізілді. Ал, бүгінгі реформа өзінің

іргетасын оқыту үрдісіндегі білім тәрбиенің дамыту бағытындағы тұлғалық-бағдарлы сипат алу мазмұнын нақтылайды. Олай дейтініміз бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына қатысты емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күшіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады. Сондықтан, білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын мәселелер төңірегінде түбегейлі өзгерістер

жасалып, руханилық пен адамгершілікке негізделген. Білімнің жаңа сапасын қамтамасыз ететін реформаларды жүзеге асыру қоғамның дамуын ілгерілететініне күмандануға болмайды. Даму жолындағы қоғамда ең алдымен білім дамуға тиісті. Мәселен, жаңа қоғамдағы білімге айырықша көңіл аударарлық мәселе білім емес, оны меңгеруге деген қабілеттілік, есте сақтау емес, психиканың негізгі механизмі-ойлау, шыдамдылық емес, оқу үрдісіне деген белсенділік, оқу нәтижелеріне жету арқылы өз орнын анықтау үшін оқу. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында болашақ, келесі ғасырда, жаңа мыңжылдыққа өткен құндылықтар туралы: «Біз өзіміздің болашағымызды және жастарымызды қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті. Біз ненің іргесін тұрғызғымыз келетінін, таңдап алған мақсатымызға алып келетін өз дамуымыздың траекториясы, даңғылы қандай болуға тиіс екенін анық білуге және ұғынуға тиіспіз», - деген еді. Сондықтан, еліміздің даму бағыты айқындалған уақытта білім берудің маңыздылығы мен оның мәнділігіне көңіл бөлініп, сапалы білімге қол жеткізуде нақты міндеттер қойылып, болашақтағы атқарылар іс-шаралар айшықтап алуымыз қажет. «Алдағы бірнеше жыл бойы жүзеге асыруымызға тиіс «100 нақты қадам» жоспары – еліміздің «Қазақстан–2050» Стратегиясын жүзеге асырып, әлемнің әлдеқайда дамыған 30 елінің қатарына кіруі үшін қажет. Бұл қадамдар елдің келешектегі тұрақты дамуы, азаматтардың әл-ауқатын арттыруы және сыртқы ортадағы қиын жағдайларда тұрақты дамуына бағытталған. Айта кету керек, бұл – тек еліміздің экономикасына ғана емес, әлеуметтік ортаға да қатысты. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін барлық негіздер бар. Бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға арналған 100 нақты қадамның экономикалық өсім мен елді индустрияландыруға қатысты бөлімдері – бұған дейін қабылданған бағдарламалардың жалғасы болып табылады. Сонымен қатар, Елбасының соңғы сайлаудағы тұғырнамасы ретін-

де «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының күн тәртібіне шығаруының өзі заман талабынан туындап, ондағы көрсетілген әрбір мәселе қоғам дамуы үшін маңызды әрі ел экономикасының ғана емес ұлттың әлеуметтік, мәдени-рухани саласының ілгерілеуіне де зор ықпалын тигізетіні анық. Алдағы міндет ондай тапсырманы көпке созбай әрі сапалы әрі уақтылы білім беру үдерісіне енгізу. Соған орай, «Ұлт жоспарының «100 нақты қадам» бағдарламасы аясында біз үшінші кезең - ғылыми жұмыстарды өндіріске енгізуге кірісуіміз керек. Бүгінгі таңда аталған бағыт бойынша білім беру саласының алдында екі үлкен міндет айқындалды. Біріншісі, ғылымға негізделген экономиканы қалыптастыруға негіз болатын 2 инновациялық кластер құру. Екіншісі, ғылыми және ғылыми техникалық жұмыс нәтижелерін коммерцияландыру жүйесін құру [1].

Соңғы жылдарда ғылым саласына көп мән беріліп келеді. Біз мұны осыған дейін елде екі мыңнан аса қаржыландырылған ғылыми жобаларға қарап айта аламыз. «Мемлекет басшысының бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 қадам» Ұлт жоспарына сәйкес Қазақстанда жоғары сыныптар мен ЖОО-да ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу жоспарланған. Мұндағы басты мақсат - даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру. Бұл жаңашылдық ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру мақсатында жоспарланған. Осы бағыт аясында 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру көзделуде. Назарбаев Университеті тәжірибесін ескере отырып, ЖОО-дың академиялық және басқарушылық дербестігін кезең-кезеңімен кеңейту, коммерциялық емес ұйымдардағы жекеменшік ЖОО-дарын халықара-

лық тәжірибеге сәйкес трансформациялау жалғасуы тиіс [2].

Тағы да, білім беру жүйесін жетілдіруде ұлттық білім беру бағдарына көшу аса маңызды болып тұр. Себебі, білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық болып табылады. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты ретінде білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті «Ұлттық білім беру моделін» жасап, оның елбасы айтқан «мәңгілік ел құндылықтарына» негіздеу болып табылады. Бұл жердегі ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік бере отырып елін, жерін сүйетін нағыз патриот тәрбиелеу. Ұлттық білім беру моделін ұйымдастыру - мемлекеттің баянды болашағының кепілі болып табылады. Ол үшін, ең алдымен, қазіргі білім беру процесін ұлттық білім беру моделін елбасы саясатына негізделген мәңгілік ел құндылықтарымен толықтырылған тұжырымдама жасау қажет. Ол тұжырымдаманың ерекшелігі мәңгілік елге негізделуі болып табылады. Қазақ жерінің табиғатынан бастап, әл-ауқатын, экономикасын, жер байлығының артықшылықтары мен ерекшеліктері толық сипаттап, осы негізде балаларға өз елінің, жерінің даму қарқынын түсіндіре отырып, оған әр бір тұлғаның үлес қосу керектігін ұғындыру мүмкіндігі болады. Өйткені, еліміздің экономикасын бәсекеге қабілеттілігін арт

Сонымен, ел болу мәселесі, ұлтты сақтау, жерді, туған атамекенді қорғау – қазақ халқы үшін қашанда тарихи даму тұрғысынан маңызды болып келе жатқаны белгілі.

Осы аталған мәселелер ешқашан да күн тәртібінен түскен емес. Осыған орай бүгінде елбасының басшылығымен «МӘҢГІЛІК ЕЛ» патриоттық актісі жобасы әзірленуде. Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы - халықтың әл-ауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам. Халықты бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа үндеген Елбасының жолдауларында ел халқына үлкен жауапкершілік жүктелген. Тарихи құндылығымыз болған тәуелсіздік идеясының негізінде сол ұлттың тағдыры, ұлы тұлғалардың ерен еңбегі жатыр. Тәуелсіздіктің бабаларымыздың сан ғасырғы арманымен келгенін Елбасымыз әрдайым қазіргі ұрпақтың есіне салып отырады: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді [3].

Ел тағдырының мәні азаттыққа қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекеттілікті сақтау болса, осы жолда қаншама алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрес жолын жалғастырды. Кешегі кеңестік кезеңде де ғасырларға созылған тарихы бар қазақ елін жоққа шығаруға бағытталған әрекеттерге тойтарыс беріліп, «қазақ жері» деген ұғымның сақталып қалу жолында ерен еңбектер атқарылды.

Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай, желбіреті білуі тиіс. Өйткені, бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап-қадірлегенін білеміз. Жастар сондай текті ұрпақтың ұрпағы екендіктерін сезініп, осы «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті. Өйткені, қазіргі кездегі жаһандану үдерісі, қолжетімді ақпараттар легі жастардың бойында ақпараттарды електен өткізе білу, теріс пиғылды идеологияларға қарсы тұра білетін иммунитетті қалыптастыруды қажет етеді. Жат пиғылды ағымдардың ықпалына еріп, экстремистік әрекет-

тердің қатарын толықтырушылар осы жастар болып отырғаны белгілі. Жастардың мұндай әрекетке баруының басты себебі ретінде олардың білім, сауаттылық деңгейінің төмендігін айтуға болады. Бұған қарсы тұра білудің жолы жастардың діни сауатын арттыру, оларды адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрімізді бойларына сіңіріп, дәріптеу, оларды еліне, жеріне, дәстүріне, дініне жанашыр азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Қазақ елінің бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтармен сабақтасқан түрде жүзеге асады. Сол себептен де жастардың бойына қазақи құндылықтарды сіңіріп, қазіргі жаһандық даму жағдайында оларды батыс мәдениетінің негізінен алыстатып, өзіміздің рухани бай мұрамыздың құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу - алда тұрған басты міндеттердің бірі. Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік ел» идеясының көздегені де осы болатын, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тілімізді өркендету.

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек. бұл тұрғыда жасаланып жатқан жұмыстар жоқ деп кесіп айтуға болмайды. Бұл күндері еліміздегі

жалпы білім беретін мекемелерде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған *«Жас ұлан» балалар және жас-өспірімдер* қозғалысы дәстүрлі үрдіс алды. Ұйымның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу. Бүгінде *«Жас ұлан» бірыңғай балалар ұйымына* республикамыздың барлық мектептерінде бастауыш мектептен бастап қабылдап, осы бағытта жұмыстар атқаруда.

Қорыта келе, мақаламызды даңқты жазушы, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Біріншіден, бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам; екіншіден, немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқам; үшіншіден, дәмді, дәстүрді сыйламайтын ұрпақ өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді болса да шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, ата жоқ», - деген көңілдегі қаупінің қазіргі күндері жаппай көрініс алуы – жоғарыда айтылған ұлттық құндылықтардан сусындамай өсудің кесірі деп түйіндейміз. Сондықтан да, ана әлдиіне бөленіп, әже ертегісіне құлағын түріп өскен баланың қашан да тілі жатық, ойы анық, ұлттық рухы биік болатынын жадымыздан шығармағанымыз абзал.

Әдебиеттер

1. inform.kz/rus/article/2798110
2. BNews.kz материалдары
3. «Егемен Қазақстан» газет. 11.02.2015.

ӘОЖ 37.014.3

М.А. Нуриев

*Қазақстан Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры*

А.Е. Садыкова

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ expertі

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЫ– ҰЛТ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Мақалада отандық білім беруді білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін жетілдіру идеяларымен модернизациялау мәселесі қарастырылған. Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру және оның тиімділігі мәселелері нақты мысалдар арқылы жан-жақты берілген. Ұлттық білім берудің маңызды компоненттері мен басым бағыттары ұсынылған.

Түйін сөздер: ұлттық білім, қоғамдық пәндер, білім алушы, интеллектуалды әлеует, модернизация.

В статье рассматриваются вопросы модернизации отечественного образования в Республике Казахстан. Анализируются наиболее важных приоритетов отечественного образования и использования национальной рамки и даются рекомендации по ее развитию. Показано, как рамки могут использоваться в качестве основы обновления системы отечественного образования и модернизации национальной системы. Так же рассмотрен опыт, положительные и спорные моменты введения уровневой отечественного образования, проанализированы перспективы развития национальное образовательной деятельности в русле Болонской декларации при сохранении национального воспитания, удовлетворяющей потребности общества и интеллектуальный потенциал личности в качественном и доступном образовании.

Ключевые слова: национальное образование, социальные дисциплины, учащиеся, интеллектуальный потенциал, модернизация.

The article deals with the issues of modernization of national education in the Republic of Kazakhstan. It analyzes the most important priorities of the national education and the use of the national framework and makes recommendations for its development. It is shown how the framework can be used as the basis of the national education system upgrade and modernization of the national system. Just consider the experience, both positive and controversies tier national education administration analyzed the prospects for the development of national educational activities in line with the Bologna Declaration, while maintaining national education that meets the needs of society and the intellectual potential of the individual in the quality and accessibility of education.

Keywords: national education, social sciences, students, intellectual potential, modernization.

Бірыңғай білім беру кеңістігіндегі ғаламдық және аймақтық мәселелер шеңберінде қоғамды интеллектуалды бағытта дамыту бағдарында білім беру үдерісін модернизациялау – қазіргі педагогика ғылымында басымдыққа ие. Оның қалыптасу тарихы ұзақ, бұрын білім беру мен оқытуды жетілдіру, реформалау тұрғысынан зерттелді, отандық

және шетелдік ғылым өкілдерінің назарын аударды. Біздің еліміздегі 50-80 жылдарда отандық білім беруді реформалауға, білім берудің мазмұнын модернизациялауға, белсенді оқыту әдістерін енгізуге көптеген ұмтылыстар болғанын айтып кеткен жөн.

Отандық білім беруді білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін жетілдіру идея-

лары қазіргі кезеңде оны модернизациялау мәселесіне айналды. Оның аса маңызды білім беру стратегияларына мыналар жатады: жалпы кәсіби білім берудің сапасын арттыру, оның даму жағдайларын қамтамасыз ету, білім беру бағытына, бағалау, ынталандыру саясатының формасының заманауи келбетін қалыптастыру. Аталған мәселенің маңыздылығы еліміздің интеллектуалды болмасын қалыптастыру үшін ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру, оның тиімділігін арттыру, отандық ғылымның инновациялық әлеуетінің дамуын қамтамасыз ету қажеттіліктерімен байланысты, мұның барлығы заманауи мамандарды әлемдік деңгейге сай білім деңгейі жоғары етіп даярлауды қажет етеді. Қай уақытта да, Қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген өзекжарды мәселелердің бірі – ұлттық білім беру. Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Қазір Республиканың оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермей інше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің бала-

ларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады» [1], - деп көрсетілгендей-ақ, ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш – ұлттық білімде. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Қазіргі заманғы қоғам дамуының әрекеті, әлемдік және отандық педагогика, психология ғылымдарының жетістіктерін, әсіресе, дамыта оқыту, студенттердің даму ерекшеліктері туралы мәселелер, ұзақ жылдар бойы екшеліп жинақталған жоғары оқу орындарында білім беру мақсатының приоритеттерін түбегейлі өзгерту қажеттігін туғызды. Бірінші кезекке, бұрынғыша студентті пәндік білім, білік, дағдыларының белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде студенттерге жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылды. Білім беруде студенттің тәрбиесі мен дамуына приоритет берілуі, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім Заңына орай оның қызметіндегі өзгерістер студенттерге сапалы ұлттық білім беру бағдарламаларын енгізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың «Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы [2] негізінде білім берудің мазмұнын жаңарту және балаларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын жетілдіру, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлары дамыған елдердің озық тәжірибесіне сәйкес мамандарды қайта даярлау жөнінде шаралар қолдануды қажет етеді:

- өз бетінше білім алу және оны практикада қолданудың қажеттілігімен дағдысын

қалыптастыруға, танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде баулуға;

- оқушыны жеке тұлға және қызмет субъектісі ретінде дамытуға, өмірлік құнды бағдарларын қалыптастыруға;

- ұлттық мәдениетті құрмет тұтуға тәрбиелеуге және басқа да мәдени бастамалардан нәр алуын бойында қалыптастыруға;

- жалпы негізгі білім беру сатысында бейім алды даярлықты және орта білім беру сатысында бейімді оқытуды қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Сонымен, әлемнің озық елдерінің білім процесіндегі тәжірибесі мен өзіміздің менталитетімізге сай білім беру моделін ұсынуымыз қажеттігі – бүгінгі күн талабына айналды. Енді осы ұлттық білім беру қандай компоненттерден тұрады деген сұраққа келер болсақ, олар келесі **басым бағыттардан тұрады:**

1) Елбасының білім беруге қатысты идеялары және оны жүзеге асыру жолдары;

2) Мектептік білім беру қолданысындағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу;

3) Кәсіптік және ЖОО-ның білім беру қолданысындағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу.

Осы басым бағыттарға негізделген ұлттық білім беру жүйесі келесідей басты ұғымдар мен құндылықтардан тұрады:

1 Әр адамның және жалпы қоғамның алдында нақты айшықталған арман мен мұрат болуы керек, соған қарай қоғам біріге алға ұмтылады. Мұнда басты орынды *рухани құндылықтары* иеленіп, одан кейін барып *экономикалық құндылықтар* адамның негізгі мақсаты ретінде танылуы тиіс. Бүгінгі күні ол арман қазақ халқының мүддесі мен ұлттық ерекшеліктерін негізге алған, бірұтас Қазақстан халқы болып басы біріккен, қоғаммен өзара жауапкершілікте болатын кәсіби мемлекетте өмір сүретін жеке адамның өз мүмкіндігіне сай жетістікке қол жеткізе алуын қамтамасыз ете алатын азаматтық қоғам құру идеясы болуы тиіс. Мұндағы басты акцент даралыққа емес қоғамдық мүддеге сай өмір сүруге жасалынуы қажет. Ол үшін,

біріншіден – *ел бірлігі*; екіншіден – *экономиканың бәсекеге қабілеттілігі*; үшіншіден – *интеллектуалдық жасампаз қоғам*; төртіншіден – *өркениетті мемлекет* тұғырларына негізделуі тиіс.

2 Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында *тарих пен мәдениет, әлеуметтік тәжірибелердің* маңызы зор. Елдің өзіндік ерекшеліктері мен тарихи тағдыры ескерілуі қажет.

3 Қазақтың *ұлттық құндылықтарын* жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Бұл дегеніміз жаңа жаһандық демократиялық құндылықтардан бас тартпай, осы жаңашылдықты қалыптастыруда қазақтың дәстүрлі құндылықтарын жаңғырта отырып, ұлттық қорға, яғни, *ұлттық тәрбиемізге* сүйену. Қашан да мемлекет алдыменен адамның кісілік қасиеттеріне, тұлғалық құндылықтарға мұқтаж. Кісілік қасиеттері дегеніміз түсінік, адамгершілік, білімділік, табандылық, адалдық. Тұлғалық құндылықтар ол мемлекеттің мүддесі, тілі мен діні, тарихы мен мәдениеті, даналығы мен өнері, ғылымы және тағы басқалары. Осы екі құндылық көздері адамның қасиетімен, адамгершілік рухымен келетін дүние. Елдің тәуелсіздігі, тәуелсіздіктің мәңгі әрі баянды болуы адамның ұлттық қасиеттеріне негізделген құндылықтарда.

4 Елбасымыз көтерген ұлт болашағына негізделген «Мәңгілік – Ел» идеясы тарихтан алшақ кетпейді, бүгінгі уақыт талабына сай тарихи танымдық, ұлттық деңгейдегі *мәдени құндылықтарға* ие, саяси бағыты терең ұғым.

5 Ұлттық руханиятымыздың өзегі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – азаматтық сәйкестіктің басты нышандарының бірі. Ана тілді көтерумен қоса өзекті болып отырған «Үш тұғырлы тіл» идеясын да қолдауымыз қажет.

6 Мәңгілік ел болуға жетелейтін бағыттардың бірі – дін. Бүгінгі күні жалпы жұртшылық дәстүрлі дініміздің қайнар бұлағынан сусындауға мұқтаж. Себебі, неше түрлі мәдени, діни, экономикалық тоғы-

суларда жастарымыз өз дінінен адасып, түрлі діни ағымдар мен секталардың жетегінде кетіп жатқаны жасырын емес. Сондықтан да, тұлғаның ой-санасы таза болу үшін, ата дәстүріміз бен салт-санамызға негізделген дінмен рухани сусындау қажет. Дінді салт-дәстүрімізге қарсы қойып, рухани азғындауға ұшыратып жатқан діни секталар мен неше түрлі ағымдардың көптігінен бас айналады. Баланы ата-анасына, әке мен шешені туған ұрпағына қарсы қойған ұстанымы түсініксіз, тұманды болашаққа жетелейтін мұндай «адасулардан» шығар бірден-бір жол – ақиқат жолы. Ұлттық дәстүріміз бен тәрбиемізге негізделген дін екендігін жеткіншек ұрпақтың санасына жеткізіп, ұғындыру.

Осылайша «бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» арқылы ұлттық интеллегенция негізін қалыптастырамыз. Сөйтіп, елбасы айтқан «Мәңгілік ел» идеологиясын жүзеге асырудың бір тетігі – ұлттық білім беру моделінің жүйеленген жобасын жасап шығуға болады.

Педагогикалық технологиялар білім беру аймағына қатысты, егер білім берудің мақсаты – білім жүйелерін меңгеру ретінде анықталса, ал, **ұлттық білім берудегі негізгі мақсат** – жоғарыда аталған басым бағыттар негізінде білімнің сапасы мен көлемін меңгерту және ұлттық интеллегенция қалыптастыру болып табылады.

Швейцария, Германия, Англия мен Америкада білім 3 түрге бөлінеді: қажетті, пайдалы, ұнамды. Соның ішінде ұлттық білімнің негізіне қажетті білім алынады. Қажетті білім баланың жанына, ең алдымен, негіз болып ұялаулы тиіс. Әр адамға сондай қажетті білім болып табылатын: өз тілінде оқи білу, жаза білу, санай білу, өз дінінің негізі мен өз Отанын білу.

Мұның бүгінгі ұлттық мектептерге, соның ішінде жаңадан қалыптасып келе жатқан Қазақстандағы ұлттық білім беруге де тікелей қатысы бар.

Білім берудің «жансыз», дәрменсіз болуының басты себебі – ұлттық сипаты мен дербестігінің жоқтығында. Әрбір білім беру орны адам тәрбиелеуді жалпы міндет тұтса, ел алдымен, оны белгілі елдің азамат

ты қылып, сол қоғамның талабына сәйкес тәрбиелеуге міндетті. Бағыт – сол ұлттың мінезі мен болмысы жалпыға бірдей тәуелді болуы тиіс. Білім беру жүйесі қоғамдық күйзеліс жағдайында, дәстүрлердің құлдырап тұрған кезінде отбасының жоғалтқан кейбір міндеттерін өзіне алып, ұлттың әлеуметтік денсаулығын сақтап қалу керек. Ол үшін білім беру жүйесі ұлттық деңгейде болуы қажет. Білім мен тәрбиенің негізі міндетті түрде ұлттық болмай, өз отанының алдындағы борышын өтемей, жалпы адамзатқа қызмет істеу мүмкін емес. Осы тұста орыстың ғалым-педагогы С.И.Гессеннің: «Егер білім беру жүйесі ғылымдық, көркемдік және адамгершілік талаптарға сай келсе, сонда ғана ол шынайы ұлттық болып есептелуі керек» деген пікірі ойды толықтыра түседі.

Ұлт болашағы мен ұлт өкілінің тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді. Сондықтан, елімізде республика көлемінде ұлттық білім беру – ұлттың болашағына сәуле шашумен тең. Бір кезде Шоқан, Ибраһим, Абай көтерген ағартушылық қозғалысты XX ғ. басында Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтар жалғастырды [3]. Қазақ халқының іргелі ел болуы үшін олар ұлттың тілі мен әдебиеті, мектебі мен баспасөздің аса қажет екеніне барша жұрттың назарын аударды, білім берудің ұлттық жүйесі болу үшін онда сол халықтың қаны мен жаны, рухы болуы тиіс деді. Мәселен, Міржақып Дулатов: жалғыз құрғақ білімді үйретіп қана қоймай, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек екендігіне назар аударды. Соның негізінде «балқыған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін анық үйретіп шығару» ұстанымын алға тартып, қазіргі елбасы көтеріп отырған ұштұғырлы тіл саясатындағы мемлекеттік тіл – ана тілінің мәртебесін анықтаса, Жүсіпбек Аймауытов: «Баланың тіл байлығын арттыруға, еркін сөйлей білуіне көңіл бөлу басқа тілдердің тіл үйренуге көмекші құрал болуын қарастыру керек», - деп басқа тілдерді үйрену қажеттігіне мән берген. Ал, Мағжан

Жұмабаев болса, «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуі тиіс», - деп, ұлттық тәрбие мен ұлттық идеологияның қажеттігін сол кезде-ақ айтып кеткен.


Жоғарыда атап көрсетіп кеткен ұлттық білім беру жүйесінің тірегі – «мәңгілік ел» құндылықтарын сонау 20 ғасырдың басында қазақ зиялыларының бірқатары: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар өз еңбектерінде талай мәрте көтерген болатын. Мәселен, А.Байтұрсынов ұлттық білім беру – оқу-жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, қолөнер, жағрафия, жаратылыс ілімдерімен бағдарлануы тиістігін, ал М.Дулатов: «Әдебиетті, тарихты және географияны біріктіріп (интеграциялап) «Біздің Отан» деген атпен оқыту қажет. Өлкенің географиясын оның тарихы мен әдебиетінен бөліп қарауға болмайды. Алдымен балаларды күнделікті өмірдің тұрмыс-салты, тіршілігімен байланысты өз

жұртының тарихын оқытудан бастаған жөн» және «Мұндай балалар мектеп бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады» деген ұтымды тұжырымды ұсынған.

Сонымен, ұлттық білім мазмұны қандай болуы тиіс деген мәселелерді жоғарыдағы ғалымдардың пікірін шетел ғалымы А.Я.Данилюктың пайымдауымен тоғыстырсақ, «Ұлттық білім беру – оқушылардың әлемдік мәдениет аясындағы ұлттық мәдениетті меңгеруге, сонымен қатар, оны шығармашылық тұрғыдан дамытуға бағытталған әлеуметтік қызмет атқаратын білім жүйесінің гуманитарлық құрамдас бөлігі». Демек, ұлттық білім жүйесінің негізін қалайтын – гуманитарлық пәндер болып табылады екен. Ал, гуманитарлық білім жүйесінің басты міндеті – объективтік тарихи-мәдени үрдістің сәйкес келуімен қатар, отандық мәдениетте оқушылардың танымын қалыптастыру.

Сонымен, ұлттық білім жүйесінің негізін қалайтын пәндер қатары.

1-тірек-сызба




ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ

Бұл пәндер Отандық мәдениетті сол қалпында сақтап қана қалмай, оның дамуын қамтамасыз етеді. Бұл пәндер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа тарихи-мәдени үрдістер өз жалғасын тауып отырады.

Ұлттық білім беру үздіксіз түрде жүріп отыруы тиіс. Ол үшін, білім берудің барлық сатыларында жүйелі жалғасып жатуы тиіс. Мәселен (2-тірек-сызбаға назар аударыңыз):

2-тірек-сызба. Ұлттық білім беру моделінің жобасы



Бұл тірек-сызбадан көріп отырғанымыздай, бірыңғай ұлттық білім беруде төмендегідей мақсатқа қол жеткіземіз:

- оқушылардың ұлттық санасын қалыптастыру;

- халқына деген құрмет, мақтаныш ұялату, ұлттық рухын дамыту;

- ана тілін, дінін, тарихын, мәдениетін, өнерін, кәсібін меңгертіп, салт-дәстүрін, мәдени мұраларын қастерлеу;

- шыдамдылық, жинақылық, намысшылық, сенімділік мінездерін қалыптастыру;

- сұлулықты, тазалықты сүйетін, салауатты, ұлт алдында ерекше істерді шешуге қабілетті, іскер, білімді, жауапкершілікті, текті, алғыр тұлға тәрбиелеу.

Нәтижесінде, терең теориялық білімді, білікті, ұлттық игіліктерді, адамзаттық құндылықтар мен рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейте білетін, тәрбиелі ұлт азаматы, «толық адам» тұлғасына қол жеткіземіз. Солайша, ұлттық интеллигенцияны қалыптастыратын боламыз.

Қорыта айтқанда, басқаның мәдениетін өз мәдениеті арқылы қабылдау қағидасы жүзеге асырылуы тиіс. Немесе өзін-өзі сый-

лай алмаған, өзгені құрметтемейді. Өткенге салауат айтып, болашаққа үмір артпаған – өз елінің патриоты бола алмайды. Сондықтан да, алдымен баланың жан дүниесін, көкірек көзін тазалап, рухани тәрбие сіңірмеген соң, оған математиканы ұқтырып, не шет тілін жаттатып не керек?

Демек, ұлттық білім беру деп – өз ұлтының тарихын, төл мәдениетін, туған тілі мен әдебиетін, ұлттық ділі мен дінінен хабардар етіп, әр білімгерді жастайынан ұлтжанды етіп тәрбиелеуге бағытталған білімді айтамыз. Оның басты белгісі – халықтың ұлттық рухының болуы. Ұлттық білім барлық жұмыс түрлерінен, білім берумен қатар тәрбие жұмыстарының барлық мазмұнынан көрінуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 17.01.2014

2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың «Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы. Егемен Қазақстан, 1.02.2010.

3 Қазақ әдебиеті. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010



Білім - адам баласының ортақ қазынасы

Жүсіп Баласағұн.

ӘОЖ 3.37.02

Қалиев Жабай Нұрмақұлы

*Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика
ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан*

БІЛІМ САЛАСЫ ӘРҚАШАН ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРЫНДА

Мақалада Президенттің халыққа жыл сайынғы Жолдау жасау дәстүрі қалыптасқаны жайлы, Жолдауда мемлекеттің экономикалық-қаржылық дамуы, мәдениет пен спорт, сыртқы саясат, ішкі өндіріс пен елдің табысын еселеу мақсаттарымен қоса білім саласын алға қойып, оларды іске асырудың негізгі тетіктері белгіленетіні жайлы мәселе көтерілген. Әр жылғы Жолдаудың өзіне тән ерекшеліктері, алдағы дамуда басымдық беретін салалары болатыны жайлы айтылған.

Түйін сөздер: Елбасы, білім, ғылым, жолдау, мәдениет.

В статье рассматриваются сложившейся традиции ежегодных Посланий Главы государства народу. В Посланиях поднимаются проблемы финансово-экономического развития государства, ставятся задачи наращивания внутреннего производства, достижения высоких показателей в культуре, спорте, образовательной сфере и намечаются основные пути их решения. Также отмечается, что каждое Послание имеет свои характерные особенности, проявляющиеся в приоритетном освещении развития тех или иных отраслей

Ключевые слова: Президент, образование, наука, послание, культура.

The article says about tradition of the annual President's Message to the people. The President's Message raised issues of financial and economic development of the state, put the problem of domestic production capacity, to achieve high performance in culture, sports, education sector and outlined the main ways of their solution. It is also noted that each message has its own peculiarities, manifested in the light of priority development of various sectors.

Keywords: President, education, science, message, culture.

«...Қазаққа оқу бұрын бір мәртебе болса,
енді мың мәртебе керек болды. Қазақ
алдыңғы болашағын ойлауы керек».

Сәкен Сейфуллин

Тәуелсіз Қазақстан бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуды мақсат етіп, осы жолда 20 жылдан астам уақытта қыруар табыстарға қол жеткізді. Ал кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің бір кепілі - білім. Сондықтан Елбасымыз білім мен ғылымға арналған алқалы жиындардан басқа жыл сайынғы халыққа Жолдауларыда білім саласын дамытуды басты мәселенің бірі ретінде көрсетіп отырады.

Білімді бағамдай білген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасырда білімін дамы-

та алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз.

Демек, барлық деңгейдегі **техникалық және кәсіптік білім беруді** дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт», - деп тұжырымдады [1].

Өркениетті елдерде мемлекет басшыларының халыққа жыл сайын жолдау жасау дәстүрі қалыптасқан. Жолдауда мемлекеттің экономикалық-қаржылық дамуы, денсаулық пен білім, сыртқы саясат, ішкі өндіріс пен елдің табысын еселеу мақсаттары алға қойылып, оларды іске асырудың негізгі тетіктері белгіленеді. Әр жылғы жолдаудың өзіне тән ерекшеліктері, алдағы дамуда басымдық беретін салалары болады. Демократиялық даму жолын таңдаған біздің республикамыз да тәуелсіздікке қол жеткізген соң осы өнегені қолданысқа енгізді.

Мемлекетіміздің Ата Заңының 44-ші бабының 1-ші тармағында: «Қазақстан халқына елдегі жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын жолдау арнайды», - деп көрсетеді [2].

Мемлекет басшысының алғашқы Жолдауы халық зердесіне 1997 жылы 10 қазанда «Қазақстан - 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы», - деген атаумен жеткені белгілі. Бұл демократиялық принциптерге бет бұрған тәуелсіз елдің басшысы ретінде халықтың сенімі мен тілегін, арманы мен мақсатын тоқайластырып, сол үдеден шығу жолына күш салған көшбасшының алғашқы Жолдауы болатын. Экономикалық-қаржылық дағдарыс халықты әбден қысқан, күнкөріс қамының ең қиын тұсында ел халқына ұсынылған Жолдау республика халқының көкірегіне болашағына деген сенімді ұялатып, Президенттің алға қойған мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік тудыратынына айрықша назар аударған сәт еді. Қазақстанның тұңғыш Президенті сол Жолдауда: «2030 жылы біздің ұрпақтарымыз бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүретін болады, - деп мәлімдеген еді [3]. Елбасының осы сөздеріне сол кезде күмәнмен қарағандар аз болған жоқ еді. Өйткені ол кезде еліміз ауыр экономикалық дағдарысты әлі де еңсермеген еді. Ал 20 жылғы тәуелсіз дамуымыздағы қол жеткізген табыстарымыз Елбасы берген уәденің шындыққа айналғанын дәлелдеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан - 2030» Даму стратегиясында білімді дамытуды ерекше атап көрсетті. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің 2030 жылға дейінгі - кезеңіне арналған даму стратегиясы және әрбір білім дамуының кезең-кезеңін қамтитын стратегиялық жоспарлары дайындалды.

Білім беру саласында болып жатқан жетістіктер мен жаңалықтарға мемлекетіміз жете көңіл аударып, жан-жақты қолдау көрсетуі мен бастамалары арқасында білім мен ғылымды дамыту саласында едәуір табыстарға қол жеткізді. БҰҰ-ның дерегінше Қазақстандағы сауаттылық халықтың 99,6 пайызын құрайды. Бұл әлем елдерімен салыстырғанда өте жоғары көрсеткіш. 2009 жылы жаппай білім беру мониторингі бойынша ЮНЕСКО-ның арнайы баяндамасында көрсетілгендей баршаға арналған білім беруді дамыту индексі бойынша Қазақстан Республикасы 129 елдің арасында 1-орынға қол жеткізді. Бірқатар мектептеде үш тілде білім беру жүйесі енгізілуде. Алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне сүйеніп, «E-LEARNING» электрондық оқыту жүйесі де біздің елде қолданысқа енгізіле бастады. Елбасы 2012 жылғы Жолдауында: «Бүгінде Назарбаев Университеті мен Зияткерлік мектептер табысты жұмыс істеуде. Кәсіптік-техникалық білім берудің озық мекемелерінің желісі дамып келеді. Олардың тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет», - деген міндет қойды [4].

Еліміз 12 жылдық білім беруге көшуге дайындық үстінде. 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында: «12 жылдық білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру», - деп көрсетілген.

Ғылым мен білім саласын дамытуға арналған жаңа құжат - Білім беруді дамытудың

2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы іске асырыла бастады. Жас ұрпаққа мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту Елбасының тікелей бақылауындағы өзекті мәселенің бірі. Осы істі алға апару мақсатында «Балаларды мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі «Балапан» бағдарламасы» қабылданды. Бұл жоба бойынша балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамту 5 кезең арқылы сатылай жүргізіліп отыр.

Қазақстандық білім беру жүйесі халықаралық білім кеңістігіне кірігуге бет бұрды. Қазақ елінің оқушылары соңғы жылдары білім сапасының көрсеткішін анықтайтын халықаралық жарыстарға қатысып үздік табыстарға қол жеткізуде.

Ғалымдардың деректеріне сүйенсек Қазақстан 2007 жылы бірінші рет 4-сыныптар оқушыларының білім жетістіктерін бағалау жөніндегі TIMMS - 2007 зерттеулеріне қатысқанда еліміздің оқушылары 59 елдің ішінде математикалық білім бойынша 5-орынды, жаратылыстану білімі бойынша 11-орынды, жалпы нәтижелер бойынша 7-орынды иеленді.

Кейінгі жылдары білім беру ұйымдарында Ұлттық бірыңғай тестілеуге, Мемлекеттік аралық бақылауға, пәндік олимпиада мен ғылыми жобалар жарысына ерекше көңіл бөлініп, мектеп жұмысының рейтингі осыларға тәуелді болуда.

Қазақстан Президенті Жолдауында мектептегі тәрбие жұмысына жете көңіл бөлу қажеттігін де еске алды. Оқу-тәрбие үдерісінде патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық сияқты құндылықтарды оқушылар бойына сіңіру қажеттігін баса көрсетті.

Ал оқушыларымыздың тәлім-тәрбиесі қандай деңгейде екенін анықтау өте қиын іс. Ол білім сапасын өлшеген әдістермен (ҰБТ, МАБ және т.б.) өлшенбейді. Оқушының рухани деңгейін, адамгершілігін, ізеттілігін, отансүйгіштігін оның қоғамдық

іс-әрекетінен, қоршаған ортамен қарым-қатынасынан ғана білесің.

Мектептегі білім мен тәрбиенің қашан да мұғалімдердің қабілетіне, білім-білігіне байланысты болатындықтан Елбасы өз Жолдауында педагогтардың біліктілігін арттыруға деген талаптарды күшейту қажеттігіне тоқталды. Мемлекет басшысы әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар болуын талап етті. Мемлекет бір мезгілде білім беру қызметтерін көрсетуге, әрі олардың сапасына баға беруге тиіс емес, сондықтан педагогтардың біліктілігін бекітудің тәуелсіз жүйесін құруды тапсырды.

Кембридж университетімен ықпалдастықта мұғалімдерді қайта даярлаудың қағидатты жаңа бағдарламасы іске қосылды. Осы бағдарламаға сәйкес бес жылда республикада 120 мың адам біліктіліктерін көтеретін болады, ол мұғалімдер корпусының үштен бірінен астамы деген сөз. Сонымен қатар 2012-2016 жылдарға арналған мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық іс-әрекет жоспары жасалды. Орта білім беруде - Назарбаев зияткерлік мектептері, жоғары мектепте - Назарбаев Университеті сияқты жаңа үлгіде әлемдік стандарттарға сай білім беретін оқу орындары ашылып жұмыс істеуде. Қазақстан ТМД елдерінде бірінші болып жоғары білім беруде үш деңгейлі - «бакалавр-магистр-философия докторы» жүйесіне көшті. Қазақ елі талапты жастарды «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің ең таңдаулы жоғары оқу орындарына жіберіп оқытуда.

Жоғары білімді, өз кәсібінің шебер мамандарын даярлау мәселесі әрқашан да өзекті. Кез келген мемлекеттің дамуыда маңызды рөл атқаратын мамандықтар болады. Солардың бірі - мектеп мұғалімі. Қазақстан Президенті «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр», - деп мұғалім рөлін жоғары бағалаған болатын. Мұғалім мәртебесін дамыған ел-

дердегі деңгейге жеткізу бағытында елімізде көптеген істер атқарылуда. Тәуелсіздік жылдары республиканың білім және ғылым қызметкерлерінің бірнеше съездері өткізілді. Достастық елдерінің жаңа тарихында тұңғыш рет ТМД мемлекеттерінің білім қызметкерлері мен мұғалімдерінің I съезін Қазақстан Республикасы ұйытқы болып 2010 жылы 26-27 сәуірде Астанада өткізді. Бұл бастама көптеген елдер тарапынан қолдау тауып, лайықты бағасын алды. Мемлекет тарапынан ұстаздар беделін көтеру жолында көп игілікті істер атқарылуда. «Білім туралы» Заңға еліміздің тарихында алғаш рет мұғалім мәртебесі туралы бап енгізілді. Онда педагогтардың жұмысын жемісті етудің, ынталандырудың құқықтық тетіктері қарастырылды.

Ұстаздың қоғамдағы мәртебесін көтеру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өз порталында «Мұғалімнің даңқ кітабы» бөлімін ашты. Онда еліміздегі үздік мұғалімдердің озық педагогикалық жетістіктері насихатталатын болады.

Жаһандану заманында тек білім мен ғылым ғана адамды бостандыққа, қадір қасиетті құрметтеуге және лайықты тұрмыс сүруге жетелейді. Ол үшін Президенттің сөзімен айтсақ **«Жоғары білім сапасы** ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. **Елдегі**

жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне еруге ұмтылулары керек» [5].

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Бірінші кезекте, бұл – апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу...», - деп, білім жайлы айтса, ал ғылым жайлы «Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды», - деді.

Ал еліміздегі бірлік жайлы «Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгітабыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз», - деп, басып айтты [6].

Түйіндей айтқанда білім беру саласындағы осы жетістіктер мен жаңалықтар Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жете көңіл аударып, жан-жақты қолдау көрсетуі мен бастамалары арқасында жүзеге асырылуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 18 ақпан. 2005.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: «Қазақстан», 1995.
3. Н.Назарбаев. «Қазақстан-2030» Стратегиясы. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: «Білім», 1997.
4. Н.Назарбаев. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан.
5. Н.Назарбаев. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу -Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы», 2010.
6. Н.Назабарев. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 11 қараша 2014.

ӘОЖ 37(35):(574)

Е.Б. Домалатов

экономика ғылымдарының магистрі,

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің экономика және басқару кафедрасының оқытушысы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ БАСТАМАЛАРЫ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі таңға дейінгі жетістіктері баяндала отырып, бұл саладағы реформаларды жүзеге асырудағы елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамалары қарастырылады.

Түйін сөздер: *білім беру, Н.Назарбаев, реформа, адами капитал.*

В статье повествуется достижения сферы образования Республики Казахстан достигнутые за годы независимости, атак же рассмотрены основные начинания главы государства Н.А. Назарбаева в реформировании данной сферы.

Ключевые слова: *образование, Н.Назарбаев, реформа, человеческий капитал.*

The article tells the story of education achievements of Kazakhstan, achieved over the years of independence, the attacks also reviewed major initiatives the President N. Nazarbayev in the reform of this sector.

Keywords: *education, Nursultan Nazarbayev, reform, human capital.*

Бүгінгі Қазақстан – қоғам өмірінің барлық салаларында оң өзгерістерге жетіп, экономикасы, білімі мен мәдениеті тұрақты дамыған, ынтымағы жарасып, берік нығайып келе жатқан еңселі ел. Әлем таныған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне қол жеткізгенімізді Қазақстан халқы мақтан тұтады.

Қазіргі таңда Қазақстан – ол жаңарған және серпінді дамумен алға басып келе жатқан ел. Еліміз тәуелсіздік алған әң жылда айтулы жетістіктерге жетіп, өзіндік тәжірибе жинақтап, нығайып келуде. Аз уақыттың ішінде егемен еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлауқаты, мәдени, рухани келбеті бұрын болып көрмеген биік деңгейге көтеріле түсті. Яғни, бұл жылдар барша қазақстандықтар үшін қайырлы жылдар болды. Елбасы Н. Назарбаевтың түбегейлі экономикалық реформаларының нәтижесінде туған Қазақстанымыз көркейіп келеді.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты 1991 жылдан кейін заңнамалық базаларды реформалау бағытында жүзеге асырыла бастады. Білім беру саласын басқару мен оны қаржыландыру, білім беру жүйесінің сапасын арттыру міндеттерімен байланыстырылады. Ал еліміздегі білім беру саласын жеделдете реформалау 1995 жылдан басталады.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жоғары және орта білім беру жүйесін реформалау кезеңін шартты бес кезеңге бөлуге болады. Оның бірінші кезеңі (1991-1994жж) – жоғары және орта білім беру саласының заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасының негізінің қалануы. Екінші кезең (1995-1998 жж) – жоғары білім беру жүйесінің мазмұнын тереңдету арқылы жаңарту. Үшінші кезең (1995-2000 жж) – білім беруді басқару мен қаржыландыруды орталықтан алу және білім беру ұйымдарына академиялық еркіндікті кеңейту. Төртінші кезең (2001

жылдың басы-2009 жылдар) – жоғары және орта білім беру жүйесін стратегиялық дамыту. Бесінші кезең (2010 ж. мен қазіргі уақытқа дейін) – жоғары және орта білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіндегі ықпалдастықты арттыру мен сапаны көтеру [1]. Осы жүргізілген реформалардың арқасында білім беруді басқаруда демократиялық сипаттар орныға түсті, білім мекемелерінің өкілеттіліктері кеңейді, мемлекеттік жалпы орта және бастапқы кәсіптік білімнің тегін жүргізілуі кепілдендірілді, білім берудің үштұғырлылығы жүзеге асырылуда. ҚР азаматтарымен қатар, басқа мемлекеттерде тұратын қандастарымыздың тарихи отанында білім алуына мүмкіншілік ашылды, елімізге аса қажетті мамандықтарға мемлекет тарапынан білім гранттарының желісі ұйымдастырылып жыл сайын ұлғайтылуда.

Еліміздің экономикасымен қатар қазіргі таңда білім беру саласы айтарлықтай үлкен өзгерістерге ұшырап, биік белестерді алып, алға қарай тез қарқынмен ұмтылуда. Елбасы адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын Қазақстанның алғашқы тәуелсіздік жылдарында-ақ түсініп, білім беру жүйесін реформалауды бастауға және жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетіп, нәтижесінде білім беруді қарқынды дамыту мен жаңғыртуға мүмкіндік берді. Қазақстан Президентінің Назарбаев Университеті студенттері алдында «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты баяндамасында, «Біз «білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз» - деп атап өткен болатын. Бұл кезеңде еліміздегі білім беру жүйесінің Ұлттық стандарттары қалыптасып даму үстінде болатын. Елбасының бұндай көрегендігінің арқасында, біраз жылдар ішінде әлемдік білім беру жүйесі жаңа стандарттарға өтіп еліміздегі білім беру жүйесі тың серпіліс алды.

Ел басының бастамасымен 2005 жылдан бастап елімізде білім беруін дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді

дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2007 - 2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы, Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы, еліміздің 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді [2].

Дарынды жас қазақстандықтарға әлемнің үздік университеттерінде білім алуға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру еліміздегі адами капиталдың дамуына қосылған елеулі үлес болды. «Болашақ» халықаралық стипендиясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1993 жылы 5 қарашада қабылданды. 1994 жылдан бері жылма-жыл қазақстандық жастар шетелдің алдыңғы қатарлы оқу ордаларына жіберіліп келеді. Президенттің бастамасымен ашылғандықтан, қалың жұртшылық пен қоғамда бұл бағдарлама түлектеріне қаратыла «Президенттің балапандары» деген бейресми атау қалыптасты. Ал Елбасының өзі «болашақтықтармен» бір кездесуінде оларды «менің достарым» деп те атады. «Болашақ» стипендиясының мемлекеттік маңызы осы екі жайттан-ақ байқалса керек.

Мемлекет басшысының бастамаларының арқасында еліміздің білім беру саласы тұрақты даму үстінде. Білім беру процесін ресурстық қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалды. Білім дамуы индексінің, TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) салыстырмалы зерттеулерінің көрсеткіштері, құқықтық және ақпараттық қамтамасыз ету – осының дәлелі. 2010 жылғы 11 наурыздан бастап Қазақстан еуропалық білім беру кеңістігінің (Болон процесі) толыққанды мүшесі болған алғашқы ортаазиялық мемлекет бола отырып, Болон декларациясына ресми түрде оның 47-ші мү-

шесі болды. Бұл қазақстандық жоғары білім беру реформасына берілген жоғары баға. Болон процесіне қатысу шетелдерде академиялық дәреженің салыстырмалылығын, студенттер мен оқытушылардың біліктілік деңгейлерінің, еуропалық өңірлерде жоғары білім туралы қазақстандық дипломдардың танылуын және біздің түлектеріміздің кез-келген елде жұмысқа орналасу құқығын қамтамасыз етеді [3].

2011 жылы білім беру саласын мемлекеттік бюджет арқылы қаржыландыру 203 млрд-қа өсті, осылайша 1 трлн. теңгені немесе, ЖІӨ 3,8 пайызын құрады. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда да біршама іс-шаралар жүзеге асырылды. «Ғылым туралы», «Назарбаев Қоры, Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мәртебесі» туралы Заң қабылданды. Сондай-ақ, «Білім туралы» Заңға да түбегейлі өзгерістер енгізілді. Білім беру саласын дамытудағы басты бағыттардың бірі – Елбасының тапсырмасымен барлық білім беру деңгейлерінде сапаны бақылаудың бірыңғай вертикалі құрылды.

2020 жылға қарай барлық балалар мектеп жасына дейінгі оқытумен қамтылуға тиіс. Бұл үшін «Балапан» арнайы бағдарламасы әзірленуде. 2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады. Кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономикалық қажеттіліктерімен өзара байланыстырылды. Жолдауда сондай-ақ, жоғары білім сапасының халықаралық талаптарға жауап беруге тиіс екені, бұл үшін жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингісіне енуге ұмтылуы міндетті екені атап көрсетілген. Болашақта қазақстандық адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін белсенді инновациялар тарту жоспарының маңызы да ерекше. Адам ресурстарының білімсіз болуы келешектің тиімсіз болатынын айқын көрсетіп отыр.

Сондай-ақ бұл салада елбасының бастамасымен ашылмағанына қарамастан, кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі және барша қазақстандықтардың назарын өзіне аударған инновациялық оқу бағдарламасы ретінде елімізге 2011 жылы келген UCMAS (Universal Concept of Mental Arithmetic System) халықаралық ойша есеп бағдарламасын атауға болады. UCMAS бағдарламасы ойша есептеу жүйесіне негізделген, 4 және 14 жас аралығындағы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған бірегей инновациялық оқыту бағдарламасы болып табылады. Аталған бағдарлама еліміздің білім беру сапасын жаңа деңгейге көтере отырып, ел ертеңі болатын зияткер ұрпақты өсіруге елеулі үлес қосатыны сөзсіз. Қазіргі таңда Білім және ғылым министрлігінің тарапынан бұл бағдарламаға айтарлықтай қызығушылық туындап отыр. Бұл инновациялық бағдарлама «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» бағдарламасына енгізілсе, дарынды, зияткер жаңа ұрпақ Қазақстанды жоғары деңгейге жеткізетініне кәміл сенемін.

Сонымен бірге тиімді адами капиталды құру, инновациялық жобаларды іске асыру үшін жоғары білікті кадрларды тәрбиелеу және жаңа технологияларды құруға ерекше назар аударылды. Яғни республиканың 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді дамуының негізгі басымдықтарының бірі – Қазақстанның адами ресурстарын дамытуды іске асыруға бағытталған, заманауи білім алған, сауатты шешімдерді қабылдай алатын және оны орындауға қабілетті мамандарды даярлау жөніндегі Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді шешу толығымен ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге байланысты.

Жоғары білім жүйесіндегі қабылданып жатқан реформаларға назар аударалық. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мазмұны мен сапасын арттыру жұмыстары жүргізілуде. 2011 жылы шетелдік ғалымдар мен оқытушыларды тарту жоспары бекітілді - 27 жоғары оқу орындарына 1493 адам. 2011 жылдың 1 желтоқсаны жағдайында 1100 адам келді [3].

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарының 28% еуропалық несиелерді аудару жүйесінің түрі бойынша несиелерді қайта есептеудің қазақстандық моделі енгізілді. Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы (ҮИИД) үшін кадрларды даярлау мақсатында 37 базалық жоғары оқу орындары ірі компаниялармен өндірістік тәжірибе базасын қалыптастыруға шарттар жасасты.

Жоғары оқу орындарының академиялық бостандығының кеңейтілуін қарастыратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖБС негізгі ережелері әзірленді: бакалавриатта 55%-ға дейін, магистратурада 70%-ға дейін, докторантурада 90%-ға дейін [3].

Жоғары оқу орындарының оқулықтарын әзірлеу және басып шығаруды мемлекеттік қолдау жүйесі іске қосылды, бірінші кезекте мемлекеттік тілде. Елбасының бастамасымен ел тарихында алғаш рет жоғары оқу орындары үшін базалық оқулықтарды басып шығаруға мемлекеттік қаржыландыруға республикалық бюджеттен қаражатта бөліне бастады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің сапасын арттыру және бәсекелес ортаны қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орындары жіктеуінің жаңа жүйесі іске қосылды. Жоғары оқу орындарының алты санаты белгіленді: ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, зерттеу университеттері, академиялар мен институттар. Әр санат бойынша әлемдік тәжірибені ескере отырып, қазақстандық жоғары оқу орындарының жүйесін оңтайландыруға мүмкіндік беретін жаңа талаптар әзірленді.

Зерттеу университеттерін құру – бұл білім мен ғылымды біріктіруге мүмкіндік беретін жалпы әлемдік үрдіс екендігін атап өткен жөн. Сол үшін «Ғылым туралы» ҚР Заңына сәйкес инновациялық қызметке бағытталған зерттеу университеттері мен жоғары оқу орындарын құру тетігі әзірленді. 2012 жылы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның шешімімен инновациялық нәтижеге бағытталған университеттік ғылымды мақсат-

ты дамытудың ғылыми бағдарламасы іске асырылды.

Әлемдік деңгейдегі жоғары мәртебелі зерттеу университеті болып табылатын «Назарбаев Университеті» белсенді қызмет етуде. Университет жанында бүгінде қоғам мен экономикаға инновация енгізіп жатқан ғылыми зертханалар мен орталықтар құрылды.

Студенттердің академиялық ұтқырлығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының 300 магистранты бір семестр және оқу жылына Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия және ТМД университеттеріне баруға мүмкіндік алды.

2011 жылы 10 қазақстандық жоғары оқу орыны халықаралық аккредитациялаудан өтті, бұл осы оқу орындары түлектерінің дипломдарын шетелде танымдылығына мүмкіндік береді. Осы жұмыстың жалғасы республикалық аккредитациялық кеңестің және Аккредитация органдарының ұлттық тізілімінің құрылуы болады.

Білім беруді жаңғыртудың мемлекеттік стратегиясының жалпы логикасы Жолдау мен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі ережелерін біріктіреді. Президент білім берудің қолжетімді болуына, түлектердің біліктілігіне тәуелсіз баға беретін жүйе құру, білім берудің тәрбиелік жағын күшейтуге назар аударады. Президенттің ойынша, Қазақстанның этносаралық келісімді, діни толеранттылықты, көптілділікті сақтаудағы бірегей тәжірибесі білім берудің барлық деңгейлерінде енгізіліп, оқытылуы қажет. Бұл озық білімді, адамгершілік қасиеті жоғары, озық ойлы қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырудың негізіне айналады.

Бүгінде Назарбаев университеті жетістікпен жұмыс істеп жатқан еліміздің алдыңғы қатарлы оқу ордасына айналды. Назарбаев университетінің тәжірибесін басқа да жоғары оқу орындарына насихаттау, оқу процесін индустриялық-инновацияға сай өткізуді

көрсетіп отыр. Университет тәжірибесінен аларымыз көп деп санаймын.

«Назарбаев Университетінде» пайдаланылатын қазіргі заманғы оқыту әдістемелерін Қазақстандағы жоғары оқу орындарына енгізу білім алушылардың даярлау сапасын ерекше арттырады. Педагогикалық кадрлардың сапасы маңызды роль атқарады, осыған байланысты ағымдағы жылда сапаны бағалау тәуелсіздік жүйелерін құру заманға сай және өзекті болып табылады. Осы жылдан бастап Назарбаев Университетінің базасында интеллектуалдық-инновациялық кластерлер қалыптаса бастады. Ғылым, бизнес пен мемлекеттің Назарбаев Университеті төңірегіндегі кластерде бірігуі технологияларды, инновациялар мен жаңа білімдерді трансферттеу мен жасауға ықпал ететін ұлттық ғылыми-инновациялық жүйе құруға негіз болады.

Елбасы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» халыққа Жолдауында Қазақстан Республикасында біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін, кәсіби кадрларды жетілдіру мен қайта даярлаудың икемді тетігін құру қажет екендігін атап өтті. Бұл, сөз жоқ, мекемелерімізге жоғары оқу орындарынан келетін жас мамандардың дайындық сапасын күрт арттыруға ықпал ететіні сөзсіз. Бұндай тұңғыш орталық С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің базасында 2012 жылдың 28 маусымында іске қосылды. Біліктілікті бекіту орталығы педагогикалық қызметкерлердің кәсіби біліктілігін бағалаудың тәуелсіз жүйесін құру және олардың кәсіби құзыретін қалыптастыру мақсатымен құрылды. Орталық құрылымында психофизиологиялық, IT-learning, «Dami» тестілеу орталығы, Реном-технологиялар зертханалары жұмыс істейді, олардың құрамында әртүрлі бағытта қызмет ететін 8 сектор құрылған.

Кез келген ел экономикасының қарқынды дамуын қамтамасыз ететін жоғары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандар-

ын даярлау – негізгі басымды бағыттардың бірі болып саналады. Содан да болса керек, ЮНЕСКО техникалық және кәсіптік білімге баса назар аударса, БҰҰ Декларациясы оны мыңжылдық даму мақсатына жатқызды. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруді алға қойған Қазақстан да осы бағытта елімізде 2008-2012 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қабылдап, негізгі міндеттерді айқындады. Елбасы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында кәсіптік және техникалық білім берудің маңыздылығына ерекше мән беріп, оған жаңаша көзқарас қажеттігін баса айтып жүр. Президент Үкіметке осы мәселеге қатысты мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді тапсырды. «Атамекен Одағы» Ұлттық экономикалық палатасы, мемлекеттік органдар мен холдингтер өкілдері, дүниежүзілік банк сарапшылары, жұмыс берушілер мен ғалымдардан тұратын жұмысшы тобы осы бағдарламаны әзірледі [3].

Техникалық және кәсіптік білім берудің тиімділігі жоғары ұлттық жүйесін қалыптастыру – ел экономикасының қарқынды дамуының негізгі факторы, жастардың жұмыспен қамтылуына жағдай жасау арқылы Қазақстан қоғамының әлеуметтік тұрақтылығын сақтау болып табылады. Отандық экономиканың жоғары технологиялық салалары мамандандырылған еңбек ресурсын және дамыған ғылыми-техникалық базаны қажет етеді.

Сайып келгенде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Ұлт көшбасшысы еліміздегі оқу-ағарту саласының халықаралық стандарттарға сай болып, батыс елдеріндегі білім беру саласындағы реформаларының ең тиімді және оңтайлы тәжірибелерін қолдана келе, қазақстандық білім берудің үлгісін жасауда үлесі орасан екеніне ешкімнің күмәні жоқ. Өзінің президенттік лауазымында отырған уақыты аралығында елбасы халықтың сауаттылығына және олардың сапалы білім алуына өте көп көңіл бөліп келеді, жеткен жетістіктері де айтарлықтай.

Оған дәлел ретінде бір ғана мысал ретінде айтар болсақ, Қазақстан Республикасының соңғы үш жыл бойына ЮНЕСКО-ның Білім беруді дамыту индексі бойынша әлемнің 129 елі ішінде көшбасшылардың төрттігінде тұр [4]. Бұл да ауызды толтырып айтарлықтай көрсеткіш. Елімізде қабылданып жатқан

барлық заңдар, бағдарламалар мен реформалардың бастамасы елбасының бастамасымен өмірге келіп өз орынын алуда. Болашақта білім беру саласында қазіргі уақыттағы кемшіліктердің алдын алып, одан әрі жетілдіріліп, әлемдегі үздік білім жүйесіне айналатына кәміл сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С. Арманов. Қазақстандық білім – еуропалық стандартқа сап түзеді. Ел ұлттық қоғамдық-саяси, экономикалық апталық газеті, 30 наурыз 2010.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, Ақорда, 7 желтоқсан 2010.
- 3 Ә. Сапарбаев. Негізгі бағыт – әлеуметтік экономикалық жаңғыру//Экономика республикалық апталық газеті, №10 (235) 8- 14 наурыз, 2012.
- 4 Қазақстан білім қоғамы жолында, Қазақстан Президентінің Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзі/«Егемен Қазақстан», 6 қыркүйек 2012.



Білімдінің сөзін тыңда, айтқанын үйрен, іске асыр

Махмұд Қашқари.

ӘОЖ 372.3/4

М.Ә. Сатамбаева

*№12 мамандырылған гимназияның
Жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі*

МӘҢГІЛІК ЕЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН БАСТАУЫШ БІЛІМ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Мақалада Елбасының ұсынған 100 қадам бағдарламасындағы мәңгілік ел құндылықтарын мектеп бағдарламаларына ендіру жолдарына бастауыш мектеп мұғалімі ретінде нақты мысалдар ұсынылады. Мәңгілік ел құндылықтарын ұлттық тәрбиелік білім бағдарына негіздеу жолдарына ғылыми саралау жүргізілген.

Түйін сөздер: мәңгілік ел, ұлттық тәрбие, бастауыш мектеп, шығармашылық қабілет, ұлттық құндылықтар, тарихи құндылықтар

В статье приводятся конкретные примеры как внедрить в школьную программу ценности «Мангилик Ел» из программы 100 шагов, предложенной Президентом. Проведен научный отбор определении национального воспитания и ценностей «Мангилик Ел».

Ключевые слова: Мангилик ел, национального образования, начальной школы, креативность, национальные ценности, исторические ценности

In article it is given concrete examples how to introduce in the school program of value «Mangilik El» from the program of 100 steps offered Presidents. Scientific selection definition of national education and values «Mangilik El» is made.

Keywords: eternal, national education, primary school, creativity, national values, historical values

Елбасымыз ұсынған бес институттық реформа, оларды жүзеге асыру жолында белгіленген 100 қадам қазақстандықтарды жігерлендіріп, ұлт жоспарын қайта жаңғырып, ел ертеңіне нақтыланған жарқын болашағының даму жолы. Қайта жаңғыруымыздың алғашқы қадамдарын нақтылаған Елбасы бағдарламасында білім ғылым даму бағыттары да ұсынылған. «Реформалардың мәні – ұлтты жаңғыртуда, — деп атап көрсетті Елбасы өз сөзінде. – Ұлттың сапасы, халық рухының күші, уақыт сынқатерлерін қабылдай білу және тек қана алға басу – бұрын да мемлекеттік табысының айқындаушы факторы болған және бола береді»[1].

Елбасының ұсынған 100 қадамының 89 қадамында «Мектептік білім берудің қолда-

ныстағы оқу бағдарламаларына Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу» деп нақтыланған. Осы тұрғыда мәңгілік ел болып қалу үшін, қандай ұлттық құндылықтар білім үрдісіне ену керек деген сұраққа бастауыш сыныптың мұғалімі ретінде өз көзқарасыммен бөліскім келеді.

Мәңгілік ел құндылықтарын ұлттық білім жүйесі жүзеге асыру шарт. Мәңгілік ел құндылықтарын білім үрдісіне ендіру деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным — ұлттық болмыс көрінісінің жүйесін қайта саралау жолдарын айтамыз. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет — ғұрып пен салт — дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой — өрісінің жан — жақты болуына үлес қосуымыз керек.

Мәңгілік ел құндылықтарын ұлттық білім беру жүйесінің бағыттарын қарай бағдарлауда ұлттық тәрбиені негізге алуымыз шарт. Ол үшін:

1. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ұсынған педагогтардың ой — пікірлерін оқу, танысу.

2. Ұлттық тәрбиені сабақпен байланыстыру.

3. Ұлттық тәрбие беру арқылы оқушының қызығушылығын арттыру. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім 45 минуттық сабағында оқушыларға ұлттық тәрбиені тақырыпқа сәйкес тиімді пайдалана алу керек деп ойлаймын. Бала қиялы ғажап! Баланы қызықтыра білсең қызыға біледі. Барлығы дерлік өлең шығара алмас, әңгіме жазуға құмартпас. Бірақ әр бала әр нәрсеге қызығады, әр нәрсеге икемді болады. Сондықтан, оның қай іске бейім екенін танып алып та жекелеме жұмыстар беру арқылы дамытуға болады. Мысалы, біреу сурет салғанды жаны сүйеді, оған осы сурет салу туралы әңгіме, не өлең жазуға тапсырма беруге болады. Сосын осы сала бойынша жұмбақ, мақал — мәтел жинақта деп тапсырма берсе тіптен жақсы. Оқушылардың ойлау дәрежесіне қарай, біліміне қарай оларға берілетін тапсырмаларды деңгей бойынша бөліп те беруге болады. Ұлттық әдет — ғұрыптар туралы мәліметтерді оқушылардың өздеріне жинауға да тапсырма беріп, әр элементін ойын түрінде сабақта қолданып отырса, оқушы үшін де қызығшылықты болады. Білім беру қашанда мәдени дәстүрлердің айрықша бөлігі. Сондықтан кез — келген қызметті қазіргі заман талабына сай етіп білім беру қажет. Ол — заман талабы. Білім беру жүйесін жобалау және іске қосудағы негізгі мәселелердің бірі — технологияландыру және стандарттау. Мұны тұтас бір үрдіс түрінде қарастыруға, талдауға, жобалауға болмайды. Мәселен, мына төмендегі 5 бағытты жеке — жеке алуға болады.

1. Білім беру дегеніміз — мәдениеттің негіздерін және тұғырын оның уақытша жағдайына бейімдей қалау және ұрпақтың іс — әрекеті

2. Мамандарды дамушы және жаңадан өндіру технологияларын оқып үйрену негізінде даярлау.

3. Оқу қызметінің технологиясы

4. Тәрбие — елдің мәдени ерекшелігін, оның аймақтық өзгешелігін, шаруашылық құрылыс, үдемелі өзгеріс және экологиялар, ұлттық дәстүрлерді сақтау қызметі

5. Сауаттылық — қоғамның барлық табында кәсібилікті қамтамасыз ету қызметі.

Ұлтжанды, шығармашыл оқушы тәрбиелеудің негізгі талаптары:

1. Шығармашылық қабілетті дамыту:

а) Қиял шығармашылықты дамыту;

ә) Шығармашылықпен ойлауды дамыту;

б) Шығармашылық белсенділікті дамыту;

2. Оқушыларға ұлттық тәрбие беру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін атқарылатын жұмыс барысындағы ата — аналарға берілетін кеңес түрлері:

а) Балалар шығармашылығында неғұрлым өз бетінше жұмыс істеуді қамтамасыз ету;

ә) Асығыс қорытынды жасамау, тиянақтылық пен бақылауды анықтау;

б) Балалар бастамасына тежеу қоймау, қажетті көмек көрсету;

б) Балалардың алдына қойған мақсатына жете білуге әрекет ету

3. Шығармашылық ойындар:

Бұл ойын түрлерін жүргізу нәтижесінде оқушы өзін — өзі танытуға деген құлшынысын шыңдай түседі.

«Ұлттық тәрбиені білім беру үрдісіне ендіру бүгінгі таңда өзіндік ерекшеліктерімен айшықталары анық. Бұл жолда біз ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, тарих, дәстүрімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра өзге халықтарға таныту ол пәннің ғылыми мағынасын терендете түседі. Жастарға оқыту процесінде ұлттық тәрбие негізінде құрылған білім мен икемділік жүйесінен нәр алып, ұлтқа тән іс-әрекет түрлерін меңгерту және ұлттық тұрпаттық қадір-қасиетті таныту өз еліне деген

сүйіспеншілігін оята отырып, өзге ұлт өкілдерінің тұрып жатқан жері мен елінің ұлттық қасиеттеріне деген қызығушылығын тудыраар бірден бір жол» [2] – деп., Сейсенбаева өз оқу құралында нақтылап өткен болатын. Ендеше, ұлттық қасиеттерге толы мысалдарды өз сабағымызда қолдана білгенде ғана Елбасы айтып өткен мәңгілік ел құндылықтары мектеп бағдарламаларында көрініс табады.

Осы бағытта тағы бір айта кететін жайт, Абай атындағы ҚазҰПУдың қабырғасында оқытылып жатқан пәндердің бірі – Ұлттық тәрбие пәні барлық оқу орындарында ашылса. Ол пән ұлттық құндылықтардан тұратын, білім мен ғылыми тұрғыда сабақтаса, болашақ педагог мамандарды ұлтымен мақатан білетін, сүйсіне білетін маман дайындауға септігін тигізетін бір ден-бір пән. «Ұлттық тәрбие» пәнінің төмендегідей құрылымын ұсынады:

1. Ұлттық тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негіздері.
2. Ұлттық құндылыққа бағдарланған тұлға болмысы.

3. Тұлғаны этникалық әлеуметтендіру.
4. Студент жастар арасындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті.
5. Жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері.

Ұлттық тәрбиелік білім мазмұны Қазақстанның бүгінгі таңда даму бағыт-бағдарын айқындар жастардың орын нақыштауын, алға қойған мақсаттарын іске асыруда қарастырылған пәннің берер үлесінің молдығын түсіндірумен тұжырымдалуы тиіс» [2] .

Сонымен, сөзімді қорытындылай келе, мектеп бағдарламалары мәңгілік ел құндылықтарымен қайта қарастырылғанда, бала тәрбиесі ұлттық құндылықтармен жан-жақты қамтылып, білім мен тәрбиенің нағыз өзегіне айналуы тиіс. «Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек» [3] - деген, Елбасының сөзін тереңінен қарасақ ұлттық болмысымызды болашаққа ұлттық тәрбиенің аясында жеткізеріміз анық.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «100 нақты қадам - Қазақстан мемлекеттігін нығайтудың жаңа кезеңі»
2. Ж.А. Сейсенбаева «Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі» ҚазҰПУ 2012.
3. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2005.

ӘОЖ 372.3/4

Л.С. Калиева

*№12 мамандырылған гимназияның
Жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі*

ЖОБАЛАУ ӘДІСІ БОЙЫНША БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАР ШЕБЕРЛІГІ МЕН ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада жобалау әдісі бойынша бастауыш сынып оқушылар шеберлігі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру жолдары ұсынылады. Бастауыш мектепте өзінше ойлауды дамыту бағдарында жоғары сыныптармен салыстырғанда ұйымдастыру жолдарында кездесетін қиындықтар мен солардан шығу жолдарын нақты мысалдармен көрсеткен. Жан - жақты қалыптасқан, бәсекелестікке бейім жеке тұлға тәрбиелеудегі жобалау технологиясының ролі айқындалған.

Түйін сөздер: жобалап оқыту технологиясы, бастауыш сынып, әдістеме, интеллектуалды жетілу.

В статье рассматривается обучения начальных классов по проектному методу. Проектный метод обучения один из наиболее эффективных средств пробуждения живого интереса к учебному предмету. Оно позволяет индивидуализировать работу на уроке, позволяя максимально развивать способности каждого. А также, с помощью метода они учатся учитывать интересы своих товарищей, развивается чувство ответственности, воспитывается воля и характер.

Ключевые слова: проектный метод обучения, начальная школа, методы, интеллектуальной зрелости.

The article deals with primary school education in the project method. Design method of training is one of the best means of awakening efetivnyh lively interest in academic subject. It allows you to personalize the work in the classroom, allowing the maximum to develop the abilities of each. Also, using the method they learn to take into account the interests of their friends, developing a sense of responsibility, to educate the will and character.

Keywords: project method of teaching, elementary school, methods, intellectual maturity.

Білім беру бағдары білім алушының шеберлігі мен оқуға деген қызығушылығын арттыру бағдарына негізделу шарт. Білім алушының шеберлігі дегеніміз оқып-тануда өзіндік табиғатына тән қасиеттерін жандандырып дамыта білу бағытын айтамыз. Ал, оқуға қызығушылығын арттыруда баланың табиғи таланты мен білімдік бағдарына жете көңіл бөлуіміз қажет. Осы тұрғыда жобалап оқытудың бастауыш сыныптарына пайдасы мен кейбір кемшіл тұстарын зерделеп, соны дамыту жолдарын ұсынсақ.

Соңғы жылдардың ішінде мектепте жаңа технологияларды кеңінен қолдану орын

алып отыр. Қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты оқушыны жан - жақты қалыптасқан, бәсекелестікке бейім жеке тұлға тәрбиелеу.

XXI ғасыр – жеке тұлғаны қалыптастыру, ізгілендіру, дамыту ғасыры. Олай болса, мұғалімдердің алдында тұрған бірден-бір мақсат оқушылар алған білімдерін пайдаға асырып, өз бетінше әрекет ете алатын, оларды түрлі өмірлік жағдайда қолдана білетін, өмірге өзіндік көзқарасы бар азамат болып жетілуіне көмектесу.

«Бала оқытып, тәрбиелеумен айналысатын барша педагог қауымының басты міндеті – әп оқушының қабілетін ашуға жағдай

жасау, жеке тұлға қалыптастыру»[1] деп нақтыланған «Білім алушыларды оқуға ынталандырудың жолдары» атты оқу құралында.

Мұғалімнің шеберлігінің негізі көрсеткіштерінің бірі - әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгеру, игеру. Оларды өзінің күнделікті қызметіне пайдалана білу, мұғалімнің шығармашылық еңбегі ең алдымен сабақпен байланысты. Әрине, сабақта әртүрлі жаңа технологиялар және олардың бөлшектері қолданылады. Бірақ оқушыларды білімді игеруде біраз проблема Енді осы тұрғыда, жобалау технологиясы дегеніміз не деген сұраққа жауап беріп көрейін.

Европа тілдерінде «жоба» сөзі латын тілінен алынып, projectus «алдыға лақтырылған» деген мағынаны білдіреді, «сөйлеуші», «көзге түсуші», яғни бір объектінің, бір істің прототипі, прообразы сияқты, осы іс — әрекет жоба жасауға әкеледі. Жоба әдісі оқушылардың бір мәселені шешуін талап етеді. Ал, мәселені шешу үшін олар бір жағынан әр түрлі әдіс - тәсілдерді қолданса, екінші жағынан әр түрлі пәндерден алынған білімнің интеграциясын пайдалануы керек.

Демек, жоба әдісі оқушылардың білімділік ситуацияға түсіп, өз проблемаларын іздеп, тауып, шешуі, өзіндік жұмыстарын, іс - әрекетін ұйымдастыруы.

Ал, бастауыш мектепте өзінше ойлауды дамыту бағдарында жоғары сыныптармен салыстырғанда ұйымдастыру жолдарында біраз қиындықтар кездеседі. Ол қиындықтар:

1. Балалардың өз ойын жеткізудегі сөз байлықтарының аздығы;
2. Материал іздеуде өзінше қызмет етуге, яғни ізденуге олардың жас ерекшеліктері;
3. Табылған материалды пайдаланып, реттеп, көрсете алмауы сынды қиындықтар бастауыш мектептегі жобалап оқытуды толықтай қолдануға кедергі келтіреді.

Осы жолда төмендегідей көмек түрлері пайдаланылады.

1. Ата-анамен тығыз байланыста болып, ұстаз- оқушы- ата-ана атты үш тұғырлықпен қызмет жасау бағдары;

2. Суретпен көбірек жұмыс жасау бағдары;

3. Жобалап оқыту арқылы жасаған ізденіс жұмыстарын басқа да пәндерді оқытып жатқанда қызығушылықтарын ояту бағытында жиі пайдалану.

Бастауыш мектеп оқушыларының өзінділігі, тыңғылықтылығы мен ойлау вариативтілігі олардың «Интеллектуалдық жетілуін» көрсетеді. Жобалық әдіс бастауыш мектеп оқушыларын өзіндік дамуға ынталандырады, болашақ әрекет жоспарын өңдеуге және оны тақырыппен, жоба міндеттерімен сәйкестендіруге жағдай туғызады, оқушылардың бойында түрлі ақпарат көздерінен нақты бір тақырыпқа материал іздеу қажеттілігін дамытады, табылған материалдың өз жұмысы үшін маңыздылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектептегі жобалау әдісін қолдану негізгі мектептегі жобалау жұмыстарының даму негіздерін қалайды. Сонымен қатар, оқушылар жобалау жұмысының негізін ойы мен іске асыру, шешім қабылдау, нәтиже шығару деп танды. Жобалау жұмыстары сабақтан тыс жүргізіліп, пәндік тұрғысынан да шығып кетеді. Осының нәтижесінде оқушылар арасындағы және мұғалімдермен қарым-қатынасы өзгереді. Жобалау жұмыстарының нәтижесін алдын-ала білмеген соң, баға идея, оның іске асуы, жобалау нәтижелерінің практикалық қолданануы және де ынтаға қойылады. Жобалау жұмысына қойылған баға арқылы оқушы өзіне баға беріп, өзін көп жақтардан тани бастайды. Бірақ жобалау жұмысының нақты жүргізілуі үшін мектеп мұғалімдерінің барлығының жұмысы керек. Жобалау жұмысын жүргізу үшін уақыт, лаборатория, шеберхана, кітапханада өзіндік жұмыс жүргізуге мүмкіндік, топпен жиналып консультация алу үшін уақыт бөлу керек. Осы тұрғыда өз сабағамызда пайдаланып жүрген бір мысал үлгісін ұсынып көрмекпіз.

Пәні: Ана тілі

Сыныбы: 2 – сынып

Тақырыбы: «Малдың төлін сүюі»

Мақсаты: 1.Жануарлардың төлдеріне деген махаббатын оқушыға ұғындыру.

Адам мен баласының арасындағы сүйіспеншілікті салыстыра білу. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік ұғымдарын нақты мысал сөздермен ұғындыру.

2. Мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіре отырып, сөйлеу қорларын кеңейту. Зерттеу, жобалау жұмыстарына бағыт беру.

3. Ата-ананы сыйлауға, құрметтеуге баулу.

Көрнекілігі: төрт түлік пен төлдерінің суреттері, техникалық құралдар, буклеттер, рефераттар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру

II. Үй тапсырмасы «Төрт түлік малдың қасиеттері мен ерекшеліктері». Үйден төрт түлік суреттерін жинап, арнайы буклет жасау, төрт түлік аттарын біліп, солар туралы материал жинау жұмыстары. Үйде ата-насының еркелететін сөздерін жазып келу. Бұл тапсырмалар алдын ала бір жеті бұрын беріледі. Және бұл тапсырмалар ата-ана көмегімен жүзеге асады.

Зерттеу сұрақтары:

1. Түйе, бота, нар туралы білгім келеді?
2. Жылқылар туралы білгім келеді?
3. Сиыр мен бұзау туралы не білесіңдер?

1 – топ: «Түйе»

2 – топ: «Жылқы»

3 – топ: «Сиыр»

4 – топ: «Қой»

5 – топ: «Ешкі»

III. Берілген тапсырмалар бойынша презентациялар шеруі

1 – топ

Тақырыбы: «Түйе»

Ақпарат жинақтау: Топ мүшелері

Өнімі: А4 форматты буклет

Қорғау: Саттыбаева Еркенұр

2 – топ

Тақырыбы: «Жылқы»

Ақпарат жинақтау: Топ мүшелері

Өнімі: А4 форматты буклет

Қорғау: Төреш Бекзат

3 – топ

Тақырыбы: «Сиыр»

Ақпарат жинақтау: Топ мүшелері

Өнімі: Реферат

Қорғау: Ерқанат Мағжан

4 – топ

Тақырыбы: «Қой»

Ақпарат жинақтау: Топ мүшелері

Өнімі: А4 форматты буклет

Қорғау: Бақтыбай Арайлы

5 – топ

Тақырыбы: «Ешкі»

Ақпарат жинақтау: Топ мүшелері

Өнімі: А4 форматты буклет

Қорғау: Талғат Амина

IV. «Әдеби мәтін» кезеңі

— «Малдың төлін сүюі» өлеңін оқып, түсіндіру.

— Өлеңді оқушыларға тізбектей оқыту, талдау.

Үйден ата-анасының еркелететінін сөздерін жинақтап, айту.

Ү. Не үйрендік? Не білдік? (Оқушылар пікірін тыңдау)

ҮІ. Үйге тапсырма: 1. «Малдың төлін сүюі» өлеңі мәнерлеп оқу,

2. Кесте толтыру (үлгі бойынша аяқтау)

Малдар	Төлдері	Қалай еркелетеді?
Қой	Қозы	Қоңырым

ҮІІ. Қорытындылау. Малдардың өз төлдерін еркелеткен өлең жолдарының арнайы сөздерін талдау.

Отбасындағы ата-ана еркелеткен сөздерде «құлыным», «ботам», «қоңыр қозым» сөздерінің жиі қолданылуы туралы балалардың ойын жеткізуі.

ҮІІІ. Бағалау.

«Мемлекеттік стандарт талаптарына сай, оқушыны жеке қабілеттеріне сай білім берумен ана шектелмей, өмірге қабілетті тұлға қылып тәрбиелеу қажеттігі нақтыланған. **Жеті білім саласымен нақтыланған бастауыш оқушысының бастауыш кезеңді**

аяқтаған сәттегі портреті өз отанын жақсы көретін, өз отанымен мақтана білетін, қазақ тілін және басқа да оқыған тілдерін білетін, қазақ елін, қазақ жерінде тұратын басқа да халықтарды жақсы көріп, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сыйлай білетін оқушыны көруіміз қажет»
[2. 57 б.]

Сонымен жобалап оқыту технологиясын білім беру бағдарында жиі қолдану өз ойын жеткізе алатын, өздігінен ізденуге талпынатын, білім мен ғылымды байланыстыра алатын тұлға дамытатын оқыту бағдары десек қателеспейміз.

Әдебиеттер

1. Білім алушыларды оқуға ынталандырудың жолдары: оқу-әдістемелік құралы. // Құраст: С.Ж.Пралиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, А.Е.Садыкова, Д.М.Советканова. Алматы, 2015
2. Сейсенбаева Ж.А. Жобалап оқыту – бастауыш мектеп оқушысының білімін дамыту құралы. Республикалық ғылыми теориялық конференция материалдары. Талдықорған, 2015ж

ӘОЖ 3.37.02

Сейдін Бизақов

ҚР БҒМҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институты филология ғылымдарының докторы, профессор

Н.Назарбаевтың тіл білімі ғылымы туралы айтқандарынан.

Мақалада Елбасының жыл сайынғы жолдауларының құндылығы жөнінде сөз қозғалды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі бақуатты өмір, қазақ халқының бірлігі, ынтамағы, дәстүрлігі жайында жан-жақты топшаланды. Мемлекет басшысының көрегендігі мен ұлттық тәрбие, ғылым мен білімді дамыту мәселесіне орай әрдайым көкейге қонымды ұсыныстарының нәтижесі жайында ашылып жазылды.

Түйін сөздер: Білім, ғылым, мемлекет, Елбасы, құндылықтар, ынтымақ.

Статья посвящена ежегодным Посланиям главы государства к народу. Рассмотрены ключевые направления Стратегии развития страны. А также основные вопросы касающиеся модернизации в системе образования и инвестирования в эту область. Ежегодное послание это - развитие которое играет важную роль в развитии будущего нашей страны - наших детей.

Ключевые слова: образование, наука, правительство, президент, ценности, солидарность.

The article touched on the value of the annual addresses. A self-sufficient life after independence, the unity of the Kazakh people, unit on the comprehensive traditional it was noted. The vision of the Head of State and national education, the development of science and education, the reasonable conclusion is always open about the results of the written proposals.

Keywords: education, science, government, President, values, solidarity.

1989 жылдың маусым айында еліміздің алғашқы президенті болып сайланған Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан тәуелсіздік алған тұста «Мен өз халқымның жолында бағымды бәйгіге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бір де бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ. Осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын»[1] деген сөзінің келешекте де өз ақиқаттығын айғақтайтынына халық сенімді Н.Назарбаев өзін нағыз саясаткер және ұлтының данышпан көшбасшысы ретінде көрсетіп отыр. Халқымыздың қанына сіңісті мұралық құндылықты болашақ ел азаматтарының санасына жеткізу жолында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтан да көп нәрсе үйренуге болады. Атап айтқанда ол халыққа арнаған бір Жолдауында уақыт сынынан өткен 7 құндылығымызды атап өткен еді. Олар:

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден, бұл – қазіргі таңдағы білім мен ғылым саясаты.

Алтыншы, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы орайда Елбасы адамның табиғат пен қоғам туралы тиісті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің басты

саласы ғылым екенін атап өтіп, оған баса көңіл бөліп келеді. Оның атап өткеніндей, білім мен ғылым – ұрпағымызға құт-береке әкелетін ең киелі ұғым. Ол – толық тәуелсіздікке жетудің ұлы жолы. Ол – барша істің басшысы. Көзі ашық, көкірегі ояу адамзаттың ортақ қазынасы. Білім тек терең ізденумен, «инемен құдық қазғандай» толассыз еңбекпен келеді. Білімге деген шын құштарлық пен құрмет, жігерлі сілкініс пен ізденіс, жүйелі ой еңбегі, рухани күшқайрат, терең ішкі мәдениет, адал ниет, ақыл-ой сергектігі, қатаң тәртіптілік қажет. Осы айтылғанды ескерген Елбасы ғылымның дамуына, білім беру жүйесін реформалауды іске асыруға қомақты үлес қосып келеді. Әсіресе адамзат үшін, қоғам үшін, жеке ғылым саласының дамуы үшін айрықша маңызы бар ана тіліміздің әлеуметтік қызметіне, тарихи даму заңдылығына қатысты айтқан пікірінің өзектілігі айтарлықтай.

ҚР Президентінің көрегендігі сол ұлттық тәрбие, ғылым мен білімді дамыту мәселесіне орай әрдайым көкейге қонымды ұсыныс білдіріп келеді. Соның ішінде ана тілімізді көркейтіп, байытып, тиісті дәрежеде жетілдіріп, жас ұрпақтың қазақ тіліне деген құрметтеуі мен оны үйренуге деген ынта-ықыласын арттырып, мемлекеттік тілімізді тұғырына қондырудың тиімді тәсіліне көңіл бөліп келеді.

Елбасы сондай-ақ исі түркі ынтымағы жайлы мәселеде сол бірлікке кедергі болатын қиындық арасында тіл мәселесі бар екенін ескертіп, жалпыға ортақ түркі әдеби тілін құрастырудың қажеттігін айтқан еді.

Ел Президенті: «Біз дәстүрлілікті ту еткен қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға біт бұрдық. Сол себепті, біз үшін әр түрлі мәдениеттердің өзара қақтығысына жол бермей, ұлттық дәстүрлер мен модернизациялық қағидалардың үйлесім табуын қамтамасыз етудің маңызы зор» екенін де ескертті.

«Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін дара-лап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгісі – оның тілі, өнері мен мәдениеті. Өткені бұл аталғандар – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, параса-

ты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады»[2], – дейді Елбасы

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын барынша кеңейтіп, дамыту сайып келгенде, мемлекетті дамытып, егемендігімізді баянды ету тұрғысынан әр қазақтың, әр отандастарымыздың көкейінде еліміздің жарқын болашағына деген перзенттік жауапкершілігі нығайып, бала-шағасының ана тілін толық меңгеруге жағдай жасауы өзекті мәселеге айналып отыр. Осымен байланысты ана тілінің қадір-қасиетіне арналған неше алуан қанатты сөзге айналған нақыл сөздер айтыла бастады. Қазіргі кездегі қаламгерлердің тарапынан «Әрбір халық өзінің ана тілінде ғана бақытты», «Тіл тағдыры ел тағдырымен сабақтас», «Жалтақтамай өзге тілді ұлысқа, ең алдымен өз тілінді дұрыста», «Қазақтың ақылы – көзінде, қасиеті – сөзінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы», «Әркімнің ана тілі тірлік үшін қажет, мемлекеттік тіл бірлік үшін қажет», «Тіл болашағы – ұлт болашағы» деп айтылып жүр.

Әралуан халықпен араласып, достасып, жаһандану үрдісінің әсерімен өмір сүріп жатқан жас буынның рухани ой-дүниесінің аса күрделі жағдайда қалыптасып жатқанына орай қазақ рухының өзегін іздестіріп, оларды бірінші кезекте ана тілінің мол байлығына сусындатып, ата салты мен тарихынан хабардар ету арқылы ғана ұлтым деп ұйысатын, халқым деп қабырғасы қайысатын нұрпақ тәрбиелей алатынымыз анық. Елбасымыздың «Қазақ тілі ғажап тіл. Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көңіл де, қаржы да солай бөлінеді. Қазақ тілі – өзіміздің ана тіліміз»[3] деген тұжырымы ел есінде.

Мемлекеттік тіл мерейі – ұлт мерейі.
«Қазақстанның болашағы –қазақ тілінде.

Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілінді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді әрі ата-баба алдындағы ұлы парызымыз», – деп Елбасымыз айтқандай, тіліміздің мерейін көтеріп, асқақтату баршамыздың басты міндетіміз болып есептеледі («Ана тілі», 10.04.08). Республика Президентінің «қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген аталы сөзі «өзінді-өзін жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деген халық нақылын меңзегендей. Қазақстан Конституциясы мен Тілдер туралы Заңына сәйкес қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі ресми тіл болып жарияланғанына қарамастан, бұл аталған айырмашылық көрініс таппады. Өкінішке орай, таяу уақытқа дейін орыс тілі ғана мемлекеттік әрі ресми, әрі ұлтаралық тіл болып келді. «Талабы бар тоғыз тілді меңгерер, талабы жоқ тоғыз сылтау өңгерер» дегендей, тіл үйренгісі келмейтін, оған ешқандай ынта-ықыласы жоқтар әр нәрсені сылтау етіп, тегін оқу мүмкіндігін де пайдаланғысы келмейтін ниетін көрсетіп жүр. Тәуелсіздік алған жылы туылып, қазір 18 жасқа толған қалалық қайсыбір қыз-жігіттердің ана тілінде сөйлеуге құлықсыз екенін көріп, бұларды тәрбиелеген қандай ата-ана деген ойға қаласың. Халықтар ассамблеясының бір отырысында Президент Н.Назарбаев тәуелсіздік алғаннан бергі осы аралықта аюға да тіл үйретіп, намазға жығуға болатынын айтып, қауымды сынаған еді.

Қазақстан көпұлтты, көптілді ел болғандықтан, әр алуан этностың жарасты да ынтымақты өмір сүруіне, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімнің сақталуына ықпалын тигізер іс-қимылдардың жүйесін анықтап, соны басшылыққа алу өзінің оң нәтижесін беруде.

Тіл тақырыбы арқылы арандатуға ешкімнің қақысы жоқ екенін айта отырып, Президент Н. Назарбаев білім және ғылым қызметкерлерінің бас қосқан отырысында және басқа жиындарда қазақ тілі мәселесіне әлденеше рет арнайы тоқталып, қазақ тілін оқытуға әрдайым басымдық берілетінін атап өтіп, бұл саладағы кемшіліктің орын алу себептерін де ашып берді.

«Өзіміз ана тілімізде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді шындап құрметтей қой-

майтынын түсінуге тиіспіз. Өз баласын қазақша сөйлетпеген қазақтың «қазақ тілі» деп сарнауының ешбір реті жоқ. Әлі-ақ қазақ тілі тіршілігіміздің барлық саласында кеңінен қолданылатын болады. Оған еш қандай күмәнданудың керегі жоқ»[4], – деді Н.Назарбаев. 2008 жылы тамыз айында қабылданған мемлекеттік тілді дамытуға арналған Президенттік қор кеңесінің жұмысын қадағалап, оған төрағалық етуді Елбасы тікелей Мемлекеттік хатшының өзіне тапсырды.

Шындығында, мемлекеттік тіл мәртебесін иеленгеннен бергі жылдар аралығында қазақ тілінің қолданыс аясының елеулі түрде кеңейгенін жоққа шығара алмаймыз. Оның сөздік құрамы да соны ұғымды білдіретін жаңа атаулармен молаю үстінде. Сондықтан қазақ тілінің қолдану аясы тарылып, құрдымға кетіп барады деген сияқты байбаламның сын көтермейтіні белгілі. Қазақ мектептері мен ондағы қазақ балалар санының еселеп артқаны – мұның айқын айғағындай.

ҚР Президенті жанынан мемлекеттік тілді қорғау қоры құрылды. Үкімет басшысы жиындарды қазақша өткізуге кірісті. Үкімет мүшелері де ана тілінде сөйлей бастады. 2010 жылдан бастап дипломатиялық қызметке қазақша еркін сөйлейтін азаматтар ғана қабылданып, мемлекеттік қызметке қатысты да осындай талап қойылатыны белгілі болып отыр.

Үкімет басшылары, парламент депутаттары және басқа лауазымды қызметтегілер бас қосқан үлкен жиындарды қазақ тілінде өткізуді мақұлдап, соған кіріскені басқаларға да ой салды. Мемлекеттік құрылымды осылайша қазақша сөйлету көңілге үміт отын ұялатады.

Елбасы Н. Назарбаевтың бірде «Ұлтты күшейтудің бір тетігі – туған ана тілі» деп айтқанындай, ана тілімізді алға оздырмай, халқымыздың жарқын болашағы туралы, ұлттық озық идея туралы сөз қозғаудың жөні жоқ. Ана тілін жастардың қанына терең сіңіру үшін тіл тағдырына қатысты қоғамдық ой-толғаныстар төңірегінде шектеліп қалмай, оны көркейтудің нақты жолдары, тиімді тәсілдері көрсетілуі керек.

Нұрсұлтан Назарбаевтың алқалы жиында ана-тілінің қадір-қасиеті жайында мына төмендегідей айтқан сөздері халық жадында жатталып қанатты сөзге айналып, қолданысқа енді.

Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?

Қазақ тілі – рухани күшіміз. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі.

Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан.

Билік пен байлық – уақытша дүниелер. Ал ана тіліміз – мәңгілік құндылығымыз.

Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш – жігерімізді жұмсауға тиіспіз.

Тарих пен тіл тамырлас.

Тіл – ұлттық рухтың темірқазығы. Өз тілімізбен өмір сүрейік!

Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!

Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, басты тіл.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Болмыс – бітімі осы тілде қаттаулы жатыр.

Тілге деген көзқарас – шындап келгенде, елге деген көзқарас.

Қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тегеурінді тетігі болуға тиіс.

Ана тіліміз – бізді ғасырдан ғасырға, заманнан заманға аман жеткізген бірден – бір барымыз да, нарымыз да.

Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!

Бізге ана тілімізден асқан тарихи мұра жоқ. Ендеше, оны жан аямай қастерлеуден асқан биік парыз да жоқ.

Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине, ата – бабаларымыз өздерінің қанын төгіп,

жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман – есен жеткен түп – тұнық, мөп – мөлдір қазақ тілі.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырып, табыстыратын өзгеше құрал.

Өркениет өнегесі – өз тіліңмен өмір сүру.

Қазақ елі – бақытты ел, бақуатты ел, болашағы кемел ел.

Қазақ тілі – қуатты тіл, құнарлы тіл. Қазақ тілі – сондай тіл.

Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол ұлтымыздың анасы.

Ұлттық тілмен ұлттық сана қалыптасады.

Ана тілін армансыз бойға сіңіріңіздер, өйткені бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез – құлқы, өзіндік болмыс-бітімі тілінен танылады.

Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап

игерсе, ол – білім. Ол шетел тілінде сөйлесе тіпті жақсы. Бірақ он шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып, көміп тастасаң, ол – кешірілмес күнә.

Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек, оқыта білуіміз керек.


Қазақ елі барда қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді.

Ана тіліне қамқорлық ең алдымен сол тілде сөйлейтін халыққа жүктеледі.

Қорыта айтқанда Елбасымыздың осылай айтқан сөзі әр ұрпақтың көкейіне отаншылдық сезімін ұялатып, ұлттық құндылығымызды ұлықтауда аянбай еңбек ету қажеттігін ұғындырғандай. Елбасымыздың білдірген ұлағатты ой-толғамын зердесіне ұстаған егемен еліміздің төріндегі ұрпағымыздың болашағы жарқын болып, ана тілін жетік меңгерген, оны құрметтейтін ұлтжанды, отаншыл жастарымыз көп болса екен!

Әдебиеттер

1. «Егемен Қазақстан», 14.04.2009.
2. «Түркістан», 23.09.2011.
3. «ЕгемендіҚазақстан», 23.05.2008
4. «Президент және халық», 06.06.2008.



ӘОЖ 37.371

С.А. Хайруллаева

Ш. Құдайберген атындағы Жалпы білім беретін №75 мектебінің
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚОЛДАНУ

Мақалада Елбасының Стратегиялық бағдарламасын іске асыру мақсатында мектеп бағдарламасына «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын енгізу жөнінде сөз қозғалды. Мектеп оқушыларына оқыту үдерісіне тәрбиелік мәнді күшейту, яғни патриотизм, мораль, парасаттылық нормалары, толеранттылық, жанның, тәннің дамуы, ұлттық құндылықтар ретінде жас ұрпақ бойына сіңірту. Барлық оқу орындарында «Мәңгілік ел» идеясын ерекше қолға алу керектігі жөнінде айтылды. Бұл міндеттерді орындауда, ұлттық тәрбиенің рөлі ерекше аталып өтті.

Түйін сөздер: тәуелсіздік, тәрбие, қоғам, білім, ғылым, болашақ, ұрпақ.

В статье рассматривается вопрос о реализации внедрения национальной идеи «Мангилик ел» для осуществления стратегической программы главы государство. Усилит в учебном процессе воспитательные работы мероприятия на тему патриотизма, моральное воспитание, толерантность. Раскрыто роль о идеи «Мангилик ел» предложение по внедрению во всех вузах страны. Особо отмечена роль задачи национального воспитания.

Ключевые слова: независимость, воспитание, общество, образование, наука, будущее, поколения.

The article discusses the implementation of the national implementation of the ideas of «Mangilik eat» strategic program for heads of state. Efforts in the educational process of educational work event on patriotism, moral education, tolerance. The role of the idea of «eating Mangilik» proposal for implementation in all the universities of the country. It highlighted the role of the task of national education.

Key words: independence, education, society, education, science and the future generation.

Қазақ елінің егемендігін, халқының азат өмірін көру ата-бабамыздың, тарлан тұлғаларымыздың армандап кеткен тілегі - тәуелсіздік еді. Сол шақтың зиялылары барлық білімдері мен күш-қайратын ел егемендігі үшін жұмсады. Қазіргі таңда ғаламдағы барлық еңселі мемлекеттермен терезесі тең, бірлікке ұйыған егеменді елміз. Тәуелсіздік тұғырын тарихи ерлікке жалғастырған елжанды тектілердің тұяғы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың парасаттылығы, ойшылдығының арқасында халқымыз тыныштықта, Отанымыз еркіндікте, түніміз-бейбіт, күніміз нұрланып, елдігіміздің бірлігі артып, берекесі кірді. Елбасының ел билігін ұстауы, бүгінгі жас ұрпақтың бағы десе де болады. Өйткені, болашақты жасаушы

жастардың жағдайын барынша қолға алып, жыл сайынғы айтылып, жасалып жатқан үндеулері, жолдаулары білім алушылардың, білім сапасын, өмірлік құндылықтарынан айналып өтпейді. Оның бір дәлелі соңғы жолдауында Елбасы жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі «Мәңгілік ел» идеясымен негіздеп, осы бағдарламаны мектеп қабырғасына енгізу қажеттігін айтқан болатын [1]. Бұл жөнінде пікірлер де, сараптамалар да талқыға салынғаны рас. Соның бірі, құрметті журналист Оңтүстік Қазақстан облысының азаматы Байдолла Қонысбек: «Мәңгілік ел» идеясын орындау үшін ең алдымен қазақ халқы тілін, ділін, дінін сақтауы қажет. Жік-жікке, ру-руға бөлінбей, айрандай ұйып отыруы керек. Мемлекетіміздегі өзге ұлттарға

үлгі, бас болуы тиіс»[2]- деп өз ойын білдірген болатын. Әрине, ұлттық ділімізді, дінімізді, тілімізді жетік игеру баршамыздың борышымыз. Сондықтанда, осы идеяны мектеп бағдарламасына енгізуде балалар ұлттық құндылықтарды ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар ел жағдайын алға ілгерлетуге негіз боларлық инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс жасайтын, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, қазақ халқының құндылықтары мен мәдениетін бойына сіңірген, толерантты, әлемге танымал және құрметті тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Жетістіктерге қол жеткізуде ең алдымен мектеп табалдырығын аттаған баланың санасына білім бермес бұрын, ең алдымен тәрбие беру ауадай қажет. Ғұлама ғалым Әл-Фараби айтпақшы: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»-деп. Демек, жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі - жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру арқылы, құнды қасиеттермен, рухани бай адам ретінде өсіру болып табылады. Халқымызда «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың»-деп, яғни тәрбиені нәресте кезден бастау керек екендігін бекер айтпаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие-екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан-тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспен-

шілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбексүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасын тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен бала, теріс әрекеттерге бой алдырмауы қажет. Өйткені, бүгінде елде болып жатқан жағымсыз әрекеттерге жастар көптеп ұшырауда. Мысалы, соңғы мәліметтерге сүйенсек, Алматы Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында жас өспірімдер бұзақылық жағынан басымдық көрсеткен. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы сарапшыларының мәліметтері бойынша, балалардың психикасына әсер ететін, өз мекен-жайын жиі ауыстыруы, жанұя жағдайының толымсыз, толыққанды болмауы, мекенін өзгертуге әзір болуының екінші бір себебі – төменгі табыс (17,7%), жұмыстағы қиындықтар (15,8%) және болашағынан үміт болмау (12,6%). Сауалға қатысқан респонденттердің 35,6%

аймақтардан Астанаға немесе Алматыға қоныс аударғылары келеді. Ресейде тұрғысы келетіндер 17,1%, алыс шетелге көшкісі келетіндер 13,8% құрайды. Ал, мұндай ситуацияға түскен отбасы, балаларға қосымша білім беру жағдайын жақсартуды қажет етеді. Олардың материалдық жабдықталуы 60%, 680 қосымша білім беру ұйымдарының тек 284 ғана ауылды жерлерде. Көптеген қызмет түрлері ақылы болғандықтан ол балалардың барлығы үшін қолжетімді болмайды[3]. Жанұялық жағдайларға байланысты, балалардың өмірге деген, қоршаған ортаға деген көзқарасына жағымсыз жәйттер әсер етуі әбден мүмкін.

Сондықтанда, жайсыз әрекеттердің алдын алу, жастардың заңсыз әрекетке бармауын болдырмау, белсенді, білімді және дені сау азаматтар қалыптастыру, жаңа қазақстандық мәдениетті дамытуға жаңа серпін беретін жастарды тәрбилеуіміз қажет. Ол үшін бірінші жолда «Мәңгілік ел» бағдарламасын мектеп қабырғасын енгізу қажет. Білім шаңырағында осындай құнды идея негізінде білім алған бала жан-жақты толыққанды білім алып, тұлғалық болмысы, ішкі жан дүниесі қалыптасары анық.

Жастар болашағымыздың тірегі деп сенім артамыз. Өз отанын, халқын, жерін, елін сүйетін, ерекше тектілігін, ата-салтын құрметтейтін, шыншыл, адал, мейрімді, ұлтжанды тұлға қалыптастыру біздің, яғни мұғалімнің міндеті. Айтуға оңай болғанымен, іске көшкенде ұрпақ бойына сіңірту мәселесіне келгенде қиындықты, күрделілік көрінетіні рас. Бірақ, шешілмейтін дүние жоқ болғандықтан, біз мұғалімдер тарапы бар мүмкіндікті пайдалана отырып, Елбасының көрсеткен сара жолымен, соңғы айтылып, қолдап жүрген рухани байыту, ата-салтымызды, ұлттық құндылықтарымызды, қазаки тәрбиемен қатар жаңа заманға қадам басуда үш тілділікті меңгертіп, әр жастың санасына қарай Батыстың ғылым-білімін, олардың техникасын, іс-тәжірибесі керек екендігін ұғындырып, сол арқылы бала-

ның өзі шешімін жасай алатын дәрежеге жеткізуіміз керек. Дамыған елдердің жетістіктерін өзімізге алу өмір сұранысы, қажеттілік, ал рухани дүниені өзгеден емес өзімізден дарытамыз. Олардың бар жақсысын игеріп, өзімізге алып, жаманын санадан алып тастап, ерекше пайдалану - қоғамның алға қарай ұмтылуына ықпалын тигізеді. Сондықтан да, жас ұрпаққа түсіндіруде батысқа тым еліктеушіліктен арылтуымыз қажет. Рухы биік, іргесі бекем, ел болу үшін, ең басты ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек болуы абзал, екенін ұмытпаған жөн. Жаңа бағдарламаны іс жүзіне енгізуде, бүкіл қоғамды жұмылдыра отырып, рухани, экономикалық және интеллектуалдық егемен ел, білікті ұрпақ, білім беру көлеңкесінде қалмайтындай, тәрбие мәселесін төрге қою арқылы көп жетістікке қол жеткіземіз[4]. Бұл, айтылып жүрген мәселелерді қолға алып іске көшетін заманға келіп жеттік. Өйткені, күнделікті жаңалықтардан да, естіп, көріп жүрген жағымсыз жағдаяттар, елімізде орын алып жатқан, ұлттық тілімізді, тарихымызды, салт-дәстүрді білмейтін, тастанды жетім балалар, «қиын» балалалар, қарттар үйлеріндегі қариялар, нашакорлыққа салынған жастар т.б. жағымсыз жайттарды жан түршіктіреді. Осындай әрекеттердің алдын алу, бірте-бірте жою, болдырмау тәрбиенің негізіне сайып келеді. Тәрбиелі ұрпақ, дені сау, білімді, ақылды, ұлжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да тәрбиелі ұрпақ - ел болашағы.

Қорытындылай келгенде, адам тәрбилеу, ұрпақ өсіру – ең жауапты дүние. Бүгінгі жаһандану тұсында ұлттық тәрбиені кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізумен қатар Абай айтпақшы: «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген қағиданы жастарымыздың бойына сіңіртуіміз қажет. Ұлттық құндылықтарымызды көзінің қарашығындай қастерлеуге, елінің құрметтеуге тәрбилеу бүгінгі күнгі педагог ғалымдардың басты міндеті.

Әдебиеттер

1. Н. Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010.
2. М.Мұсабеков Қазақстан жастарының рухани құндылықтары: әлеуметтік философиялық талдау. Алматы 2013.
3. А.Қыдыршаев, Елбасы Жолдауы - «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру жолындағы тірек 2014. 23.01. Орал.
4. А.Ғ. Ибраева, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ. «Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері.



«Өзгенің есебінен жақсы көрініп - жарылқаушы атануға, ел мүддесіне нұқсан келтіруге болмайды»

Нұрсұлтан Назарбаев.

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

<i>Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А.</i> Нұрлы жол - Елбасының қасиетті жолы	6
<i>Нөкетаева Д.Ж.</i> Білім мен ғылым саясаты Елбасы стратегиясының басым бағыты	16
<i>Бөлеев Қ., Саурықова Ж.</i> Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлердің зерттелуі.....	20
<i>Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Советканова Д.М.</i> Қазіргі даму кезеңіндегі бес функционалды 100 қадамды оқу процесіне ендіру жолдары	24
<i>Нуриев М.А., Садыкова А.Е.</i> Ұлттық білім беру бағдары - ұлт болашақ кепілі	28
<i>Қалиев Ж. Н.</i> Білім саласы әрқашан президент назарында	35
<i>Домалатов Е.Б.</i> Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы және Елбасы бастамалары.....	39
<i>Сатамбаева М.Ә.</i> Мәңгілік ел құндылықтарын бастауыш білім үрдісінде пайдалану	45
<i>Калиева Л.С.</i> Жобалау әдісі бойынша бастауыш сынып оқушылар шеберлігі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру жолдары	48
<i>Сейдін Бизақов Н.</i> Назарбаевтың тіл білімі ғылымы туралы айтқандарынан	51
<i>Хайруллаева С.А.</i> «Мәңгілік Ел» идеясын мектеп бағдарламасында қолдану	56

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 2404 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді.

Индекс 74310

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 2404 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта».

Индекс 74310

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб.
тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Беттеген/Верстка – Жанат Жанбаева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8775 22 00 196,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 30.11.2015 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.

Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 8 б.т.

Таралымы 300. Тапсырыс № 207